

***«Ақерке», «Ақбота» ересек аралас тобында ұйымдастырылған
«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша сурет салу
оқу қызметінің циклограммасы 2021-2022 оқу жылы***

Сурет салу пдагогы:Т.А.Сатыбалдиевна.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

I-апта 01.09-03.09.2021ж

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Апта тақырыбы: «Менің балабақшам» Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 03.09.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек аралас топтары
ҰОҚ дайындық	Оқу қызметіне қажетті құралдарды дайындау
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Балабақшадағы түрлі түсті шарлар» (заттық сурет салу) Мақсаты: Сурет салу барысында дөңгелек және сопақша пішінді заттардың суретін салуға үйрету. Бояу тәсілін бекітіп, баланың ойлау, көру, есту қабілеттері және ұсақ қол қимылдарын дамыту. Шаттық шеңбер Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз! Күлімдеген күндейміз! Еш уайымды білмейміз. Жұмбақ Ұшамын тауда қалықтап, Қолың жетсе алып бақ Қызыл-жасыл түсім бар Соңымнан кәне, ұшыңдар. (шар) Сандық ішінен түрлі түсті шарлар ұшып шығады. Балалар, бұл шарлар екен. Шарлардың түстер қандай? (қызыл, жасыл, сары, көк) Шар резенкадан жасалады. Шарлар үріледі, созылады, жыртылады, шардың іші толған ауа, суға салсаң баптайды себебі шар жеңіл болады, шарды қатты қыссаң қысыммен жарылады. Түстері: қызыл, көк, жасыл, сары. Пішіні: сопақша, дөңгелек. Шарды ауаға салу. Тапсырма: «Берілген суретті бояу» (Сурет салу кезінде орындалатын қауіпсіздік техникасына тоқталу) Педагог: Сурет салмас бұрын біз өзімізге ұнайтын түсті таңдап аламыз. Суретті қылқаламмен саламыз, қылқаламды үш саусағымызбен ұстаймыз. Енді әрқайсымыз берілген қағаздың бетін боясақ, қандай сурет шығатынын көреміз. Ал балалар сендердің қағаздарыңнан қандай сурет шықты? (Әр баладан сұрап өтеді) Ойын: «Шардың жібін тап» Шарты: Түсіне қарай шарды іліп жіпті байлайды. Осылай ойын әрі қарай жалғасады. Балалардың саусақ қол моторикасы дамиды Қорытынды: Біз не білдік? Бүгін немен таныстық? Түстері қандай? Пішіні қандай? Ауыр ма, жеңіл ме? Балалар, сендер бүгін сопақша, дөңгелек пішіндер арқылы әртүрлі шарлар салдыңдар, қараңдаршы, айнала түрлі түсті болып құлтырып кетті.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Сурет салу барысында қадағалап, жеке көмекті қажет ететін балаларға көмек көрсету
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Үй жағдайында балаларға қарандашпен жұмыс жасауға мүмкіндік беру

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 2-апта 06.09-10.09.2021ж

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Апта тақырыбы: «Менің отбасым» Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 10.09.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек аралас топтары
ҰОҚ дайындық	Оқу қызметіне қажетті құралдарды және ойын материалдарын дайындау. «Отбасы мүшелерін ретімен орналастыр» ойыны ойнатылады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Сандықты оюмен безендіреміз» Мақсаты: Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру. Қазақ оюларының кейбір элементтерімен әшекейлейді үйрету. Психологиялық дайындық: «Көңіл күйге арналған жаттығу» Жұмбақ Кіруге адам батпайды, Затыңды аман сақтайды. (сандық) Сұрақ-жауап -Сандық сыртында не бейнеленген? -Ою-өрнек туралы не білесіңдер? Олай болса ою-өрнегінің қайдан пайда болғаны туралы ертегі айтып беремін. Ертегі айту -Балалар сендерге ертегі ұнады ма? -Әже қандай ою өрнектер ойлап тапты? Тосын сәт: Есік қағылып топқа қуыршақ Айгерим келеді. Қуыршақ Айгеримнің көңіл күйі болмай тұр. Себебі Айгеримнің әжесінің туған күні екен. Ол әжесінің ескі сандығын әдемілеп бергісі келеді, бізден көмек сұрайды. Барлықтарымыдың әжеміз бар. Әже-отбасының бір мүшесі Ендеше отбасыға байланысты санамақ айтайық. «Бір үйде біз нешеміз?» Айгеримге көмектесу үшін сандықты әдемілеу жолдарын сурет салу арқылы көрсетеді. Слайд бойынша өрнектер түрлерімен таныстырады. Суретті салу реттілігі -дайын сандық суретін сары түспен бояту; -екі шетіне бастырма арқылы қошқармүйіз өрнегімен безендіру; -сандықтың алдыңғы жағын мақталы таяқша арқылы моншақтармен безендіру Сергіту жаттығуы Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ. Қуыршақ Айгерим саған балалардың салған суреті ұнады ма? Енді сенде әжеңе арналған сандығыңды осылай ісемдеп берсең қуанады деп ойлаймыз Қорытынды: Ою өрнектер қалай пайда болды? Сандықты біз қандай оюмен өрнектедік? Айгерим қуыршақ балалармен қоштасып шығып кетеді
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Креативтілік. Ашық сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Балаларға бастырмамен жұмыстануда қажетті жағдайда көмектесу
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Сурет салу оқу қызметінде балалардың жасаған жұмыстарын көрсету. Әр баланың қабілеттерін байқату.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 13.09-17.09.2021ж

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Апта тақырыбы: «Мен және қоршаған орта»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 17.09.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек аралас топтары
ҰОҚ дайындық	Ауа-райы туралы әңгімелеу. Жел бар ма? Ағаштар қозғала ма? Күз мезгілінде ағаш тар қандай өзгеріске ұшырайды? т.б сұрақтарды «Доп лақтыру» ойыны арқылы жүргізіледі.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Ағаш бұтақтары» Мақсаты: Балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру. Ағаштардың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ажыратуға және терек бұталарын салуға үйрету. Ойын-жаттығу «Тербеледі ағаштар» Балаларға күзі бақтың суретін көрсетіп, күзгі табиғаттың әдемілігі туралы әңгіме жүргізіледі. Балалардан ағаштың пішініне сипаттама беруді сұрау. Ағаштардың діні жуан болады, бұтақтары жоғары қарай өседі. Ойын: «Ағашты өсу ретіне қарай құрастыр» Ойын арқылы ағаштың өсуі және құрылысы туралы түсінік қалыптасады Тапсырма беріледі -Ағаштың бұтақтарын салу. Сурет салу ретімен таныстыру, жұмыстың орындалу тәсілін түсіндіру. Әр бала өз жұмыс дәптерін алып, суретті салуға отырады. Жұмыс барысында балалардың қағаз бетіндегі кеңістікті бағдарлай білуін қадағалау. Ағаштың бұтағының иірімдерін келтіре отырып, жіңішке қылқаламды пайдалану. Сергіту жаттығуы Шапалақта қолыңды Жәй-жәй-жәй, Міне былай! Шапалақта қолыңды Тез-тез-тез Алға қарай адымда, жәй-жәй-жәй. Міне былай! Жолыңнан еш жаңылма Тез-тез-тез Қорытынды: Салған суреттерін топ бөлмесіндегі табиғат бұрышына орналастыру Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Креативтілік. Ашық сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Балаларды қадағалау барысында қиналып отырған балаларға көмектесу
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	«Балалардың қабілетін ашуға бірге жұмыстанайық» топ тәрбиешілері мен ата-аналармен әңгімелесу

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 20.09-24.09.2021ж

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Апта тақырыбы: «Менің Қазақстаным!» Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 24.09.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек аралас топтары
ҰОҚ дайындық	Балаларға жағымды көңіл күй орнату. Сурет салу құралдарын өздері жұмыстанып отыратын үстел үстіне қойғызу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: Ұлттық ыдыс «Торсық» Мақсаты: Балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, үзік сызықтарды қосып торсық бейнесін дұрыс бейнелеуге және өз жұмыстарының нәтижесін көре білуге үйрету. Шаттық шеңбері: Шеңбер болып тұрайық, Күннің нұрын алайық, Таза ауаны жұтайық. Жүрекке жылу сыйлайық, Жиналған жылы шуақты, Қонақтарға шашайық. Жұмбақ жасырады: Бие сүті құюлы, Тері қабым сыйымды. Оқтауым тұр пісетін, Көмейіне сығулы. (торсық) Әңгімелесу: (суреттер көрсетеді) Ертеде адамдар топырақты, құмды пайдаланып кесе құмыра жасаған. Содан кейін ағашта өңдеп, өрнектеп тостаған, торсық, ағаш қасық, шөген, аққұман жасаған. Осы ыдыстарды күнделікті тұрмыста қолданған. Торсықтың бүйірі дөңселек, мойыны жіңішке әрі ұзын болып келеді. Торсықты алыс жолға шыққанда, күн ыстық кезде сусын құйып алып, ыдыс ретінде алып жүрген. - Торсыққа шұбат, қымыз, айран сұйық заттардың барлығы құйылады. Сурет салу жұмысы -Балаларға торсықтың салу әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру. -Үзік сызықтарды қосу -Ең алдымен төртбұрышты саламыз. -Оны өрнекті элементтермен безендіреміз. -Торсықтың суретін ауада салып көрсетеміз. -Қылқаламды оң қолда ұстаймыз, керек түсті таңдап аламыз. -Суретті саламыз. Ыдыс жөнінде мақал-мәтелдер: Қазан қайнап тұрса, Ақыл сайрап тұрады. Ыдысын көріп – асын іш. Жүректен жүрекке» шеңбері: Сүйеміз барлық ананы, Жүрегім оттай жанады. Бақыттымыз осы біз, Қасымызда досымыз. «Досыңа көмектес» ойыны Сурет салу кезінде достарына көмектеседі. Достыққа тәрбиелеу. Қорытынды: Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау. Көңілді смайлктер беру.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Креативтілік. Ашық сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы.
Балалармен жеке жұмыс	Балаларды қадағалау барысында қиналып отырған балаларға көмектесу

Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Әр баланың жетістігі, көңіл күйлерімен бөлісу
---	---

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

5(1)-апта 27.09-01.10.2021ж

Өтпелі тақырып: «Балабақша»


Апта тақырыбы: ««Менің сүйікті ойыншықтарым »

»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 01.10.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек аралас топтары
ҰОҚ дайындық	Балаларға жағымды көңіл күй орнату. Сурет салу құралдарын өздері жұмыстанып отыратын үстел үстіне қойғызу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым») (заттық сурет салу) Мақсаты: Домалақ пішіннен доптың суретін салып, әшекейлей білуге үйрету. Суретті қыл қаламмен салуды және ұқыпты бояуды меңгерту. Тазалық, ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру Психологиялық рефлексия: Баяу ырғақты музыка ойнайды. Күз мезгілі болғандықтан күн суыта бастайды.. Соны ескере отырып, жазғы ыстық күнді еске алу мақсатпен балаларға көздерін жұмғызып, жаздың жайдарлы күнін көз алдына елестету. -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Сендер қайда келдіңдер? -Балабақшада не істейсіндер? Жұмбақ шешкізу « Олардың өз орны бар. Сен онымен ойнайсын, Тап- таза оны ұстайсың» Ал, айтындаршы сендер немен балабақшада ойнайсындар? -Сендерге қандай ойыншықтар ұнайды? -Өте жақсы, ойыншықтарды шашып, сындыруға болады ма? -Өздерінің үйде сүйіп ойнайтын ойыншықтарды айтып беріндерші? -Жарайсындар балалар, әрдайым жинап қою керек. -Шаршаған боларсындар, бір серігіп алайық. «Ғажайып қоржын» ойыны: Бұл не? (бір- екі баланың көзін жұмып ойыншықтарды ажыратып айту). Ойыншықтар неден жасалады? Іші толған бөлменің, Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймайын, Келе ғой дос, ойнайық. Балалар өздеріне ұнаған ойыншықтарды салып көрейікші. Алдымен қарандашты оң қолдарына ұстап, не салатындарын ойланып көріндер. Мысалы: менің сүйікті ойыншығым доп, Мен допты дөңгелек етіп саламын. Оны қызыл және жасыл түстермен бояймын. Балалар өз бетімен еркін тақырыпта қылқаламмен және қажетті бояуларды ұқыпты пайдаланып өздері жақсы көретін ойыншықтарды салады. «Ойыншықтар» ойын-жаттығуы арқылы бойларын сергітеді Ойыншықтар салу барысында басшылық жасап, балаларға көмек көрсетіп, жеке нұсқаулар беріледі. Қорытындылау: Балалардың жұмыстарына қорытынды жасап, мадақтайды. -Ал, енді кім қандай ойыншық салғандарын айтып беріндерші?
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Креативтілік. Ашық сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау

Балалармен жеке жұмыс	Көмек қажет ететін балаларға жеке нұсқаулар беріледі
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	«Ойыншық, ойын бала дамуының көмекші құралы» ата-аналарға кеңес

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 2-апта 04.10-08.10.2021ж

Өтпелі тақырып: «Алтын күз!»

Апта тақырыбы: ««Қош келдің, Алтын күз!»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 08.10.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек аралас топтары
ҰОҚ дайындық	Балаларға жағымды көңіл күй орнату. Сурет салу құралдарын өздері жұмыстанып отыратын үстел үстіне қойғызу. Қолдарына күзгі жапырақтарды таратып беру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар» (Сюжетті сурет салу) Мақсаты: Қоршаған ортаның әсемдігіне, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Қарапайым табиғат құбылыстарын бейнелеуге деген қызығушылықтарын арттыру Шаттық шеңбері Балалар қолдарына жапырақтарды ұстап, бір-біріне жылы лебіздерін айтады. Балаларға Күз ханшасы әдемі себет беріп жібергенін айтады. Себеттен бейнетаспаны шығарып көрсетеді. Бейнетаспаны көргеннен кейін пысықтау сұрақтары қойылады -Не көрдіңдер? -Қай жыл мезгілі деп ойлайсыңдар? -Ағаштарда қандай өзгерістер бар? -Ағаш қасында нелер жатыр? -Неге жапырақтар түседі? «Жыл мезгілін ата» ойыны арқылы күз мезгілінің табиғат ерекшеліктері туралы түсініктері кеңейеді. Жарайсындар балалар, бүгін біз сендермен күзгі жапырақтардың суретін салып безендіреміз. -Балалар менде мынадай боялмаған жапырақтар бар олар сондай мұнсыз кане соларды безендіріп көреміз бе? -Балалар ен алдымен біз жапырағымызды толық жай сумен сулап аламыз. -Сулап алған соң қылқаламен жапырақты бояй бастаймыз. -Сулау арқылы түстің ренктерін көрсету керек, сонда жапырағымыз ерекше әдемі болады. -Кішкене кепкен соң қылқаламның ұшымен жапыраққа тән сызықтар сызамыз. -Балалардың жұмысын қадағалап, үлгере алмай жатқан балаларға көмек қолын созады. -Балалар сендердің жапырақтарын сондай әдемі болыпты. «Жапырақтар» қозғалады. Тыныс алу жаттығуы орындатылады Қорытынды: Балалар бүгін біз сендермен қандай сурет салдық? -Сендер қандай түстерді қолдандындар? -Балалар жұмыстарын аяқтап болған соң әр баланың жұмысы мадақталады. Жапырақтарына аттары жазылып көрмеге қойылады. Әр бала өзі жасаған жапырақ туралы шағын сипаттама береді.

Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Көмек қажет ететін балаларға жеке нұсқаулар беріледі
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Әр баланың бүгінгі сурет салу оқу қызметінде жасаған жұмыстарын ата-аналар бұрышына қою

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 11.10-15.10.2021ж


Өтпелі тақырып: «Алтын күз!»

Апта тақырыбы: «Күз сыйы»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 15.10.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Балаларға жағымды көңіл күй орнату. Сурет салу құралдары мен ойын материалдарын таңдау
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Алма ағашы» Мақсаты: Балаларға үрлеу әдісі арқылы ағаштың бейнесін нақты бере білуге үйрету. Губкамен алманы ағашқа салғызу арқылы ұқыпты жұмыстануға және дәстүрден тыс сурет салуға қызығушылықтарын дамыту. Шаттық шеңбері Қол ұстасып алақан арқылы жылулық шеберін орындайды. Бір-біріне жылы тілектер айтады -Жарайсыңдар балаларосы жүрегіміздің жылуын бір-бірімізге сыйлайық Жұмбақ жасыру Күн суып салқындап, Ағаштар сарғайып жапырағын төгеді. Көкөніс, жеміс піседі Қырман мол астыққа толады Жел соғып жиі жаңбыр жауады Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Айтыңдаршы бұл көрініс жылдың қай мезгілінде болады? -Күз айларын ата Балалар үстел үстіне назар аударайық. Суреттерге зер салып қараңдар. Кімге қандай сурет ұнады? «Бір түсті заттарды ата» ойыны Алма бағындағы ағаштар жайлы сипаттап алма ағашының құрылысына, ерекшеліктеріне назар аудара отырып, ағаштың бұтақтарын трубкамен үрлеу арқылы салып, губканы қажетті бояуға салып алманы бейнелеуді көрсетіп түсіндіреді. Сергіту жаттығуы Ағаштар шайқалып, Желменен билейді. Басылса жел енді, Тыныштық енеді. «Не қайда өседі?» ойыны жемістерді өз ағаштарына липучка арқылы орналастырады. Қорытынды: Пайдаланған құралдарды жинақтау, қол сүрткішке қолдарын сүрту. Смайлдер таңдату арқылы әр бала оқу қызметінің ұнаған, ұнамағандығын көрсетеді.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы.

	Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Көмек қажет ететін балаларға жеке нұсқаулар беріледі
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Әр баланың бүгінгі сурет салу оқу қызметінде жасаған жұмыстарын ата-аналар бұрышына қою

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 4-апта 18.10-22.10.2021ж

Өтпелі тақырып: «Алтын күз!»

Апта тақырыбы: ««Ас атасы-нан»»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 22.10.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Балаларға жағымды көңіл күй орнату. Сурет салу құралдары мен ойын материалдарын таңдау
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Бидай» Мақсаты: Ас атасы-нан және ұннан жасалатын тағамдар туралы түсініктерін жетілдіру. Бидайды салу жолдарын слайд бойынша көрсетіп, соған қарай балалардың жұмыстануын қадаалау. Нанды қадірлеуге тәрбиелеу Шаттық шеңбері -Балалар суретке назар аударайықшы. Суреттен нені байқауға болады? Балалар: Бидай Балалар бүгін біз бидайдың масағы туралы мәлімет аламыз. Балалар мынау бидайдің масағы. Мынау дән мұршиалары, оны аршып көрсек ішінен дән шығады. Бидай негізі азық-түлік дақылы. Оның дәні, кебегі, сабағы құнарлы мал азығы. Бидайдан біз көптеген тағам түрлерін дайындаймыз. Ол бізге үлкен еңбекпен келеді. Бидайды өсіріп, баптап өсіретін адамды диқаншы дейміз. Балалар ендеше біз бүгін осы бидайдың суретін саламыз. Көрсету және түсіндіру. Алдымен сурет үшін фонды дайындаймыз. Қалай ойлайсыңдар, біз сендермен қандай фонда бейнелейміз? (Балалардың жауаптары). Педагог: Иә, балалар бізге көк аспан мен сары түсті бидай алқабы қажет. Естеріңізге сала кетейік, аспан ашық болуы керек, ол үшін біз қағазға таза су жағып, көк бояудың тамшысын қосамыз: парактың жоғарғы бөлігі көк бояу, парактың төменгі бөлігі сары. Қағаздың дымқыл бетіне қылқаламмен бояуды бастаймыз. Парақ құрғағанына біраз күтеміз. Сергіту сәті: Жайқалады ақ бидай, (Қолдарын жоғары көтеріп тербеледі). Басын иіп аққудай. (Бастарын иеді). Трактор мен комбайн (Қолдарын алға созып, тракторды жүргізеді). Жүргізуге мен дайын. (Қолдарын айналдыра комбайнды жүргізеді). Қылқаламға сары түсті бояуды алып, бидай масақтарын саламыз. Балалардың назарын негізгі фон алқап болып табылатынына, ал алқапта көптеген бидайлар өсіп келе жатқанына аударамын. Балалар өз қалаулары бойынша бидай масақтарын салады. Балалардың жұмыстарын талдау. Қорытынды: Балалар біз бүгін нені бейнеледік? Бидайдың бізге қандай пайдасы бар? Балаларды мадақтау.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау

Балалармен жеке жұмыс	Бидай масқтарын дұрыс салуды үйрету
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Сурет салып болғаннан кейінгі балалардың қол сұртуге қажетті сұрткіштерді толықтырып отыруларын түсіндіру.

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 25.10-29.10.2021ж

Өтпелі тақырып: «Алтын күз!»

Апта тақырыбы: «Жыл құстары»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 29.10.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Балаларға жағымды көңіл күй орнату. Сурет салу құралдары мен ойын материалдарын таңдау
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Әдемі құс» Мақсаты: Әртүрлі пішіндерді пайдалана отырып, құстың суретін салуға және өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалай білуді үйрету. Шааттық шеңбері Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз, Сәлем беріп сіздерге Бас иеміз біз. Балаларға ұнтаспаға жазылған құстар үнін тыңдатады. 1. Құстардың сайрағаны сендерге ұнай ма? Әнші құс деп қай құстарды айтамыз? Педагог міндетті түрде балалардың ойларын тыңдайды. 2. Бірнеше құстардың суретін көрсетіп, таныстырады (көкек, бұлбұл, кептер, бозторғай т.б.). 3. «Дала және үй құстарын ажыратады» -Құстарда қандай дене мүшелері бар? - Балалар, құстардың табиғатқа қандай пайдасы бар? - Көрдіңдер ме, балалар жер шарында қаншама құстар мекендейді. Бәрінде қанат бар, денесі қауырсындармен жабылған. -Енді біз бүгін сурет салу барысында геометриялық пішіндер көмегімен әдемі құстың суретін салып көрейік. Сендердің салған құстарыңның дыбысы бізге естілмейді. Ол естілу үшін дыбыстарды мына түрде бейнелейміз. Құстың тұмсығынан бастап үзік сызықтарды солдан оңға қарай тарата сызады. Бұл иішқылдаған дыбыстар екенін түсіндіреді. Балалар педагогпен бірге ауада үзік сызықтар салып жаттығады. Балалар сурет салғанда ұнтаспадағы құстар үнін қосады. Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып алайық. Сурет салып болған соң балалардың жұмыстарын жинап алып талдау жасайды. «Ұшады-ұшпайды» ойыны.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Қажет болған жағдайда балаларға көмектесу
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Сурет салып болғаннан кейінгі балалардың қол сұртуге қажетті сұрткіштерді толықтырып отыруларын түсіндіру.

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 01.11-05.11.2021ж


Өтпелі тақырып: «Біздіқоршаған әлем»

Апта тақырыбы: «Жомарт күз»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 05.11.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Қызыл – жасыл, қарасын. Қолға кезек аласың, Қарындашпен әртүрлі. Алуан сурет саласың, Қарындаштың көмегі. Міне, қандай көп еді. Ұштай біл де, ұстай біл, Түрлі- өрнек төгеді.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Жемістер» Мақсаты: Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, әртүрлі пішінді заттарды салуды меңгерту. Шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту «Жылулық» шеңбері Балалар бір-бірінің қолын ұстап жылуын беріп сәлемдеседі. Қане, қатар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Жылуыма жылу қос, Енді менің қолым бос. -Балалар, қараңдаршы менің қолымдағы қандай жеміс? -Бұл алма -Мына алманы бір-бірімізге беріп, ізгілік тілектерімізді айтайық. «Сен алмадай тәттісің!» «Сен алмадай әдемісің!» т.б -Балалар, қазір күз мезгілі. Күз мезгілінде ауа райы салқын болады, сендер жылы киініп жүрулерің керек. Күзде жемістер піседі, сендер жемістерді жуып жеп, ағзаларыңды дәрумендермен толықтыруларың керек. Жемістердің құрамында адам ағзасына қажетті дәрумендер көп екен, сондықтан жемістерді жеп жүру қажет. -Ал, балалар, ендеше бүгінгі сурет сабағында біз әр түрлі жемістердің суретін саламыз. (балаларға су бояумен жұмыс жасау ережелерін түсіндіру) -Сурет салу оқу қызметінде қолданатын ақ парақты аламыз. -Ыдысқа құйылған суды және бояуды алдымызға парақтың шетіне қоямыз -Қандай жемістің суретін саламыз соған байланысты балаларға түстерді ажыратуға көмектесем (М: алманың суретіне қызыл түсті пайдаланамыз, бананға сары түсті, жүзімге көк түсті пайдаланамыз...) -Суреттерді саусағымызбен саламыз. -Жемістердің суретін салып болған соң, сүлгімен қолдарымызды сүртеміз. Д/о: «Иә, жоқ» ойыны. Алманың пішіні үшбұрыш па? Банан тропикалық жеміске жата ма? Шиенің дәмі қышқыл ма? Пияз көкөніс пе? Қияр теректе өсе ме? Алмұрттың дәмі ащы ма?
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Қажет болған жағдайда балаларға көмектесу

Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балаларға сурет салу құралдарын еркін түрде пайдалануға мүмкіндік беру
---	--

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
2-апта 08.11-12.11.2021ж


Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апта тақырыбы: «Көлік»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 12.11.2021ж
ҰОҚ дайындық	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер балаларға беріледі. Тақырыбы: «Жүк көлігі» Мақсаты: Балалардың көліктер туралы (әуе, жер, су) білімдерін жетілдіру. Суретте ашық және солғын түстерді пайдаланып жүк көлігін бейнелей білуді үйрету. Жақсылықты үйретіп, Боламыз біз жақсы адам. Жамандықтан жиреніп Үлгі аламыз жақсыдан. Жұмбақ Төрт аяғым дөңгелек, Адамсыз мен жүрмеймін, Барлық жерге жеткізіп, Апарамын жүктерді. (Көлік) Дұрыс айтасыңдар, балалар. Көлікпен біздер қажетті жерлерімізге, алыс сапарларға бара аламыз. Көліктерді бірнеше топқа бөлуге болады. Аспан көлігі, жеңіл көлігі, ауыр көлігі, су көлігі, темір жол көлігі. Аспан көлігі: ұшақ, тік ұшақ, т.б. жатады. Жеңіл көлігі: велосипед, машина, арба т.б. жатады. Ауыр көлігі: жүк машинасы, экскаватор, өрт сөндіру машинасы. Су көлігі: қайық, үрмелі, кеме т.б. жатады. Темір жол көлігі: пойыз жатады. Балалар біз жүк көлігінің суретін салайық. Суретті салу жолдарын көрсету Қылқаламды оң қолымызға ұстап, бояуға батырамыз. Бояу парақты ластамас үшін, артық бояуды ыдысқа қалдырамыз. Қылқаламды алып тік сызық жүргіземіз. Қиғашынан бір сызық саламыз. Төменге бір сызық саламыз және сызықтарды қосамыз. Кабинамыз дайын болды. Енді жүк салғышы да осылай жасаймыз. Ал енді бояймыз. Суретіміз кепкенше бір демалып алайық. Сергіту сәті. Қолыңды қойда рөлге, Моторға қосыл гуілде. Дөңгелекке жел толтыр, Машинаға тез отыр. Басқышты басамыз, Алдыға зулаймыз. «Торғайлар мен машина» қимылды ойыны Қорытынды: Тәрбиеші сұрақтарға жақсы жауап берген балаларды мадақтайды. -Балалар сендер оқу іс-қызметіне жақсы араластыңдар, осымен оқу іс-әрекетімізді аяқтаймыз
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке	Қажет болған жағдайда балаларға көмектесу

жұмыс	
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балаларға сурет салу құралдарын еркін түрде пайдалануға мүмкіндік беру

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина


Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
3-апта 15.11-19.11.2021ж

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апта тақырыбы: «Ғажайыптар әлемінде»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 19.11.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер балаларға беріледі.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Бағдаршам» (Заттық сурет салу)» Мақсаты: Жол жүру ережесі және бағдаршам туралы әңгімелей отырып, жолда жүру ережесіне байланысты бейнероликтер көрсету. Қажетті түстерді таңдап, бағдаршам суретін салғызу. Жұмбақ Төрт аяғым дөңгелек, Адамсыз мен жүрмеймін, Барлық жерге жеткізіп, Апарамын жүктерді. (Көлік) Дұрыс айтасыңдар, балалар. Көлікпен біздер қажетті жерлерімізге, алыс сапарларға бара аламыз. Көліктерді бірнеше топқа бөлуге болады. Аспан көлігі, жеңіл көлігі, ауыр көлігі, су көлігі, темір жол көлігі. Аспан көлігі: ұшақ, тік ұшақ, т.б. жатады. Жеңіл көлігі: велосипед, машина, арба т.б. жатады. Ауыр көлігі: жүк машинасы, экскаватор, өрт сөндіру машинасы. Су көлігі: қайық, үрмелі, кеме т.б. жатады. Темір жол көлігі: пойыз жатады. Балалар біз жүк көлігінің суретін салайық. Суретті салу жолдарын көрсету Қылқаламды оң қолымызға ұстап, бояуға батырамыз. Бояу парақты ластамас үшін, артық бояуды ыдысқа қалдырамыз. Қылқаламды алып тік сызық жүргіземіз. Қиғашынан бір сызық саламыз. Төменге бір сызық саламыз және сызықтарды қосамыз. Кабинамыз дайын болды. Енді жүк салғышын да осылай жасаймыз. Ал енді бояймыз. Суретіміз кепкенше бір демалып алайық. Сергіту сәті. Қолыңды қойда рөлге, Моторға қосыл гүлде. Дөңгелекке жел толтыр, Машинаға тез отыр. Басқышты басамыз, Алдыға зулаймыз. «Торғайлар мен машина» қимылды ойыны Қорытынды: Тәрбиеші сұрақтарға жақсы жауап берген балаларды мадақтайды. - Балалар сендер оқу іс-қызметіне жақсы араластыңдар, осымен оқу іс-әрекетімізді аяқтаймыз
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Қажет болған жағдайда балаларға көмектесу
Ата-аналар мен тәрбиешілерге	Балаларға сурет салу құралдарын еркін түрде пайдалануға мүмкіндік беру

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 22.11-26.11.2021ж


Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апта тақырыбы: «Елін сүйген елбасы»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 26.11.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер балаларға беріледі.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Көк ту» Мақсаты: Балалардың рәміздер туралы түсініктерін қалыптастыру. Рәміздерді сипаттауға және көк туды бейнелеу арқылы туған елге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу «Туған жерім» Жайлауымдай жазықпын. Әзенімдей өршілмін, Гүлдерімдей нәзікпін. Қуат алған өзіңнен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген, Отанымның гүлімін. Ғажайып сәт) Ой, балалар мынау не қалта? Кімдікі сендердікіме? Қызық екен, кәне ашып көрейк, не екен бұл? Бір суреттің қиылған кескіндері. Ендеше бұл суреттерді құрастырайық, сонда ол не екенін көреміз. Міне бастайық. Балалар қараңдаршы көк түсті бір сурет шыққалы тұр. Балалар мынау білесіңдерме не? -Бұл «Қазақстанның жалауы» Негізгі бөлім Қазақ халқы- елжүрек, достыққа адал, бауырмал, қонақжай халық. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. Мемлекетік Туымыз, халықты бірлікке шақыратын Әнұранымыз, Елтаңбамыз бар. Атамекен деп туған жерімізді айтамыз. -Ол менің атам, менің арғы бабаларым мекен еткен жер. Енді сол жерде мен туып-өсіп жатырмын. -Біздің Отанымыз-Қазақстан. -Біздің еліміз- көп ұлтты ел. -Отан- біздің отбасымыз, үйіміз, балабақшамыз, туған жеріміздің табиғатты т.б. Сергіту сәті. Жоғары қарап күн көріп Төмен қарап жер көрдім Оңға қарай бұрылып Солға қарай бұрылып Егеменді ел көрдім. Енді бәріміз көк тудың суретін салып көрейік. Ол үшін бізге ақ қағаз, көк түсті гуашь, қыл қалам, сулы майлық керек. Мен сендерге салу жолын салып көрсетем мұқият қарап саламыз. Сурет салу құралдарын ұқыпты пайдалана отырып, балалар сурет салады Қорытынды Бүгінгі оқу қызметінде біз не туралы әңгімелестік? -Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма? Өте жақсы жарайсыңдар!
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау

Балалармен жеке жұмыс	Тапсырманы жай орындаған балалармен жеке жұмыстану
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалардың салған суретін ата-аналарға көрсету

Бекітемін: 
 Әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 29.11-03.12.2021ж


Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апта тақырыбы: «Менің өлкем»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 26.11.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер балаларға беріледі.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Киіз үйдің керегелері» Мақсаты: Киіз үйдің керегелері туралы түсініктерін кеңейтіп, жуан, жіңішке таяқшаларды рет-ретімен салуды, қарындашты қолдануды әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізуге баулу. Шаттық шеңбері -Бүгін біз ненің суретін салатынымызды білгілерің келеді ме? Суретпен жұмыс -Бұл не? (тақтадағы үйді нұсқау) -Дұрыс айтасыңдар, бұл үй. Біз осындай үйде тұрамыз. -Мына суретке назар аударайықшы, мұнда не бейнеленген? -Бұл үй қалай аталады? -Бұл үй киіз үй деп аталады. -Киіз үй туралы не білесіңдер? -Кім киіз үйдің ішіне кіріп көрді? -Киіз үйді неден жасайды? -Киіз үй жабдықтарын білесіңдер ме? Түсінік беру -Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі). Кереге-киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ-киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық-кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік-сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады. Тапсырма беріледі Жуан, жіңішке таяқшаларды ретімен салу техникасы бойынша киіз үй керегелерінің суретін салғызу Сызықтардың қиылысуын үлгіге қарай отырып сурет салады. Балалардың өз бетімен жұмысы Сергіту жаттығуы Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шанышлар. Керегелер керіліп, Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер. «Суретті құрастыр» ойыны

	Киіз үйдің жабдықтарының суретін тақтаға іледі, сонда киіз үйдің суреті шығады, сонымен оқу іс-әрекетімізді қорытындылаймыз
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Сызықтарды дұрыс қиылыстыру үшін балаларға көмек көрсету
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	«Балабақшада сурет салған ұнай ма?» тақырыбында балалармен әңгімелесу

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 2-апта 06.12-10.12.2021ж

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Апта тақырыбы: «Алақай қыс келді!»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 10.12.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер балаларға беріледі.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Қысқы табиғат» Мақсаты: Балалардың қысқы табиғат туралы білімдерін кеңейту. Қысқы табиғат ерекшелігін сезіне отырып, табиғатты ақ параққа бейнелей білуге үйрету. Қиялдарын дамыту. ҰОҚ өтілу барысы Шеңберге тұру амандасу «Жылы сөздер» шеңбері (психологиялық тренинг) Педагог Е.Елбаевтың «Қыс» туралы өлеңін оқиды. Көкті бұлт тұмшалап, Жер ақ тонын киеді Шұнақ аяз шымшылап Ақ бетінен сүйеді Құлақтарын үсікпен Шынықпаған қай бала? Осы болар қыс деген, Айтсақ жауап жай ғана. Қыс мезгілі туралы ақындар өлең жазса, сазгерлер музыка жазады, ал суретшілер сурет салады. Балалар суретші қыс мезгілін салғанда қандай көріністі көз алдына елестетеді деп ойлайсыңдар? Суретшіге нені салуға болады? Фланеграфқа қыс мезгіліне сәйкес суреттерді орналастырады Сергіту сәті: (саусақ жаттығуы) - Балалар, бүгін біз қыс көрінісінің суретін саламыз. - Бәріміз қағазымызды дайындап алып, ашық көк түспен қағаз бетін толық бояп аламыз; - Қылқаламның ұшымен, жеңіл бояймыз; - Солдан оңға қарай дәптер бетінің орта тұсынан түзу сызық жүргіземіз. - Сызықтың жоғарғы бөлігі аспанды, төменгі бөлігі жерді бейнелейді. - Төменгі бөлігіне ағаштар мен шыршаларды саламыз, ақ түспен ағаштар мен шыршалардың бұтақтарына жартылай жеңіл ізбен қар түскенін жүргіземіз, ал жерде аппақ түспен мамық қардың суретін саламыз. - Жоғары бөлігіне бұлттарды, жауып тұрған қарды салып көреміз Балалар өзбетімен жұмыстанады «Аққала» қимылды жаттығу орындалады Қорытындылау: Балалар біз бүгін қандай сурет салдық? Қыс мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер? Педагог балалардың жұмысына талдау жасайды.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы.

	Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Уақытында толықтай аяқталмаған суреттерін оқу қызметінен тыс уақытта бірге жұмыстану
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Түстерді ажыратуға арналған ойындарды ойнату туралы тәрбиешілерге айту

Бекітемін: 
 Әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 3-апта 20.12-24.12.2021ж

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Апта тақырыбы: «Қош келдің, Жаңажыл!»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 24.12.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер балаларға беріледі.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Біздің әсем шырыша» Мақсаты: Үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып шырыша суретін салуды және сурет салу құралдарын ұқыпты пайдалануға үйрету. ҰОҚ өтілу барысы Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер құрып, бір-бірімен амандасады. Бәрі бірге мына өлең жолдарын қайталайды. Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақпейілмен: «Қайырлы таң!»-деймін мен. (Е.Өтетілеуұлы). - Балалар бүгінгі ашық оқу қызметімізде сіздерге жұмбақ жасырамын - Иә - Ендеше мұқият тыңдаңдар. Жұмбақ 1) Шанамен зырғып жселетін, Шаңғы, коньки тебетін, Аққала жасап ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың?(қыс) 2) Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. Ол не?(қар) 3) Жасыл ине киімім, Жайлаймын тау биігін. Жаңа жылды тойласаң Төріңдемін үйіңнің.(Шырыша) - Жарайсыңдар, Балалар өте дұрыс - Қазір қай мезгіл - Қыс - Қыс мезгілі неше айдан тұрады? - Үш айдан - Қыз мезгілінің ай аттары қалай аталады? - Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан - Қыста қандай ерекшеліктер болады? - Қар жауады, боран соғады, күн суытады, жылы киімдер киеміз. - Ендеше, балалар біз бүгін қысқы шырышалар туралы әңгімелейміз. - Балалар мына суреттерге назар салыңыздаршы, қандай сурет бейнеленген? - Шырышалар

	- Дұрыс шыршалар, олар орманда өседі. Шыршалардың түрлері көп болады, үйде, тауда өсетін шыршалар да бар. - Үйде өсетін шыршаларға үлкен күтім керек балалар, өйткені олардың отаны тау бөктері, орман болып келеді. - Балалар, сендер байқадыңдарма шыршалардың қыста түсі қандай болады? - Жасыл - Яғни, балалар шыршалар жылдың төрт мезгілінде де, басқа ағаштар сияқты емес, жасыл болып қала береді. - Ендеше қазір біз сендермен балауыз арқылы осы шыршаларды салып, бояумен бояймыз. Балаларға сурет салуға көмек беріледі. - Ал енді қане, балалар саусақтарымыз шаршап қалды, олай болса саусақтарға арналған жаттығуларды жасайық. Сергіту сәті: Оң саусағым шаршады, Сол саусағым шаршады. Саусақтарым бірігіп, Билеп, билеп алады. - Ал енді балалар оқу қызметімізді ойынмен жалғастырайық. Ойын: «Шыршаны кім жылдам безендіреді?» Шарты: Балалар екі топқа бөлініп, алдында тұрған екі шыршаны жылдам безендіруі керек. Қорытындылау: балалардан сурет арқылы сұрақ- жауап алу; Балалардың салған суреттерін тақтаға іліп, бірге талдау жасау; Ағаштардың пайдасы жайында қысқаша әңгімелеп, қорытындылау;
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Балауызбен сурет салуда балаларға көмек беру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалардың бүгінгі оқу қызметіндегі жетістігі туралы айту

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 27.12-31.12.2021ж


Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Апта тақырыбы: «Жаңа-жылдық сыйлықтар»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 31.12.2021ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Тақырыпқа байланысты көрнекі суреттер балаларға беріледі.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Ойыншықтар» Мақсаты: Балалардың жаңа жыл мерекесіне деген қызығушылық сезімдерін оята отырып, ұнататын ойыншықтарын сурет арқылы көрсете білуге үйрете отырып, өз еріктерімен еркін сурет салғызу Психологиялық рефлексия: Баяу ырғақты музыка ойнайды. Далада қыс болған сон, күн аяз болады. Соны ескере отырып, жазғы ыстық күнді еске алу мақсатпен балаларға көздерін жұмғызып, жаздың жайдарлы күнін көз алдына елестету. -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Сендер қайда келдіңдер? -Балабақшада не істейсіндер? -Ал, айтындаршы сендер немен балабақшада ойнайсындар? -Сендерге қандай ойыншықтар ұнайды? -Өте жақсы, ойыншықтарды шашып, сындыруға болады ма? -Өздерінің үйде сүйіп ойнайтын ойыншықтарды айтып беріндерші? -Сіздер жаңа-жыл мерекесінде қандай ойыншықтар алғыларың келеді? (Балалар жауаптары тыңдалады) Сергіту сәті: Қуыршағым тұршы, Бетінді жушы. Шашынды тарашы, Айнаға қарашы. Слайдпен жұмыс: Балалар назарларынды аударындаршы, мен сендерге жұмбақ жасырамын сендер шешімін тапқан жағдайда суреттер шығады Жұмбақ: -Шіркіннің өзіне обал-ақ, Жүреді аяқта домалап. (доп) -Аяғы бар, жүрмейді, Аузы бар, күлмейді. Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. (қуыршақ) т.б -Балалар бұл ойыншықтарды бір сөзбен не дейміз? Балалар өздеріне ұнаған ойыншықтарды салып көрейікші. Алдымен қарандашты оң қолдарына ұстап, не салатындарын ойланып көріндер. Мен жаңа-жылға ойыншықты сыйлықты алғым келеді. Менің сүйікті ойыншығым доп, Мен допты дөңгелек етіп саламын. Оны қызыл және жасыл түстермен бояймын. т.б Балалар өз қиялдары бойынша суреттерін салады. Қорытындылау: Ойыншықтар салу барысында басшылық жасап, балаларға көмек көрсетеді, жеке нұсқаулар беру. Балалардың жұмыстарына қорытынды жасап, мадақтау. -Ал, енді кім қандай ойыншық салғандарын айтып беріндерші? «Сипатта» ойынымен балалар салған ойыншықтарын сипаттайды.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы.

	<i>Тікелей бақылау</i>
<i>Балалармен жеке жұмыс</i>	<i>Балалардың қиялдарымен еркін сурет салуына көмек беру</i>
<i>Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар</i>	<i>Балалардың бүгінгі оқу қызметіндегі жаңа жылда күтетін сыйлықтары туралы ата-аналарға айту. «Ойыншық-бала ойынының маңызы»кеңес беру</i>

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы


1-апта 03.01.2022-07.01.2022ж

Өтпелі тақырып: «Қызықты қыс мезгілі»

Апта тақырыбы: «Қыс қызығы»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 07.01.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	«Аққаланы құрастыр!» ойынын ұйымдастырып оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Балаларға қыс мезгіліндегі ойындар туралы әңгімелету. Аққаланың суретін салуда дөңгелек пішіндердің өзіндік үйлесімділігін ескеру қажеттілігін түсіндіру. Балалардың шығармашылық қабілетін арттыру. «Көңіл-күйге» байланысты психологиялық жаттығулар орындату «Қыс мезгілі» туралы әңгіме жүргізу; балалардан толық жауап алу, сөйлем құрап сөйлету, сұрақтарға толық жауап берулерін назарға алу. <u>Ойын-жаттығу</u> Домалатып ақ қарды, Ұла қарлар жинаймыз. Үлкен, кіші, орташа, Дөңгелектеп құраймыз. Мұрнын жасап сәбізбен, Баскимін – шелектен. Көңілденіп, секіріп, Аққаланы жасаймыз. Балаларға осы аққаланың суретін әдемі етін салуды ұсынамын. Ол үшін бізге ақ немесе көгілдір түсті бояулар керек. Аққала үш бөліктен тұратынын, бірінен-бірі үлкен дөңгелек пішінді жұмыр қарлардан болатынын көрсетемін. Суретін салғанда шеткі сызықтарын анық басып, сызып салу керектігін көрсетемін. Бояуды дөңгелектің бойымен домалата бояуға үйретемін. Аққаланың бейнесі жақсы көрінуі үшін басына шелек суретін салуды, мұрны сәбізден бола алатынын ескерттемін. Соңынан қарды көгілдір қарындашпен сызып салуға болады. <u>«Тұра және кері сана» дидактикалық ойыны.</u> -Балалар, Жаңа жыл мерекесі қай жыл мезгілінде болады? -Қыста қандай ойын ойнайсындар? Қорытындылау: Оқу іс-әрекетін сұрақ-жауап арқылы қорытамын, белсенді қатысқан балаларды мақтап, мадақтаймын. Оқу қызметінен тыс уақытта серуенге шығып «Аққала жасау» ойынын ойнауды ұсынамын.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Берілген сұрақтарға нақты, толық жауап беру керектігін ескеру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Қыс мезгілі-таза ауада өз уақыттарын бөліп, балалармен серуен құру керектігі туралы

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 10.01.2022-14.01.2022ж


Өтпелі тақырып: «Қызықты қыс мезгілі»

Апта тақырыбы: «Қардың пайдасы»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 14.01.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Фланеграфта жыл мезгілін орналастыру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Жапалақтап жауған қар» Мақсаты: Қардың пайдасы туралы түсінік беру. Қардың жоғарыдан төменге шейінгі жауатынын мақталы таяқшалар арқылы салып, жауған қарды көрсете білу. Жылулық шеңбері Күн шуағы жарқырап Бізге жылу төгеді. Жылынамыз бой жазып, Күлімдесіп төс қағып. Бір бірімізге иіліп, Сәлемдесіп қол созып. Сұрақ-жауаптар беріледі -Қазір жылдың қай мезгілі? -Бүгін ауа-райы қалай болып тұр? -Қыс мезгілінің белгілерін білесіңдерме? Балалар: Қар жауады, аяз болады. -Мынау қар. Қардың түсі аппақ ұлпа сияқты, қар жапалақтап жауады екен. Қар жауғанда жердің бәрі аппақ болады. Күн жылынғанда қарлар ериді. Еріген қарлар мұз болып қатады. Міне мынау мұз, мұзда түс болмайды, қар жұмсақ, мұз қатты болады екен. Балалар өздерін ұстап көріңдерші. Балаларға жеке-жеке ұстап көрсету. Тақпақ жаттату Аппақ, аппақ дала Аппақ ауыл қала, Жапалақтап ақша қар Жауа берсін жауа. Тосын сәт. Есік қағылып ішке аю кіреді. Аю: Сәлеметсіңдерме балалар Балалар: Сәлеметсізбе? Тәрбиеші: Балалар бұл не? Балалар: аю -Дұрыс айтасыңдар, қыста аю ұйқыға кетеді. Ол қардың жауғанын көрмейді. Аю: Мен қыс біткенше ұйықтаймын, көктемде оянамын. Мен қардың қалай жауатынын көрмеймін. Маған қар қалай жауатынын көрсетіңдерші. -Балалар біз аюға қардың қалай жауатынын көрсетіп, сурет салып берейік. Бүгін ақ гуашты пайдаланып, мақталы таяқша арқылы жауып тұрған қардың суретін саламыз. Мақталы тақшаны ақ гуашқа батырып, онымен қағаздың бетіне дақ түсіріңдер. Жапалақтап жауған қар үлкен болатынын және көп жауып жатқанын бейнелеуді талап етеді. Үлгі бойынша салып көрсетеді. Аю: Суретті қандай жақсы саласыңдар. Менің ұйқым келді, орманға қайтуым керек. Балалар біз салған суреттерімізді аюға сыйға берейік. Суреттерді аюға жинап беру. Аю: рахмет сендерге балалар сау болыңдар. -Балалар бәріміз бірге ойын ойнап жіберейік. «Қар лақтырыу» ойыны Шарты: Балалар қарды шелекке лақтырып дәлдікке үйренеді

	Қорытындылау: -Балалар біз ненің суретін салдық? -Жапалақтап жауған қардың суретін. -Қыста қандай аң ұйқыға кетеді екен? -Аю -Сендерге қыс мезгілі ұнайма? - Ия -Қардың түсі қандай? -Аппақ -Мұз қандай екен? -Катты Жарайсыңдар балалар!Осымен оқу қызметіміз аяқталды
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Сурет салу құралдарын ұқыпты пайдалану керектігін түсіндіру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Қыс мезгілі-таза ауада өз уақыттарын бөліп,балалармен серуен құру керектігі туралы ата-аналармен әңгімелесу.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 17.01.2022-21.01.2022ж


Өтпелі тақырып: «Қызықты қыс мезгілі»

Апта тақырыбы: «Аңдардың қысқы тіршілігі»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 21.01.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	«Өз мекенін тап» ойыны арқылы оқу қызметінің тақырыбын ашу
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Аңдардың ізі» Мақсаты: Балаларға қыс мезгіліндегі аңдардың тіршілігі туралы түсінік беру. Аңдардың іздерін қылқаламның, мақта таяқшаларының көмегімен дақтар түсіру арқылы сала білуге үйрету. Ойын-жатығу: «Тоңса егер қолымыз» Балалар біз бүгін қысқы орманға саяхатқа шығамыз. -Балалар, орманда қар жауып тұр екен. Орман ағаштары ақ қарға киініп тұр. Балалардың назарын далаға жаңадан жауған қарға аударады. Ол қандай? (таза, аппақ, жарқырайды) Қардан нені көруге болады? Бұл іздердің иелерін кім табады? (Адам, жануар, құстар). Дидактикалық ойын: «Аңдарды ізінен таны» (Тақтадан аюдың ізі мен даусы шығады) -Балалар, мынау ненің даусы екен? (аю) -Аюдың үйін, балалар, апан деп айтамыз. Аю қысқа жаздан бастап қамданады. Қыста ол өз апанына кіріп, ұйықтайды. (тақтадан қасқырдың даусы естіліп, ізі көрінеді) -Балалар, мынау ненің даусы, ненің ізі (қасқыр) Қасқыр-жыртқыш жануарға жатады. Қыс бойы жортып жүреді, жолда кездескендердің бәрін жейді. Оның үйінде апан деп айтамыз. -Балалар, қасқырдан байқап жүру керек. Оның ізі үшкір болады. Өйткені, оның тырнақтары бар. -Мынау кішкентай қоян. Қоян жазда сұр түсті, ал қыста ақ түсті болады. Қыста қар жамылған шыраша бұтақтары мен бұталардың түбін паналайды. Ағаш қабығымен қоректенеді. Ізі оның кішкентай, өйткені, өзі кішкентай. Оның үйін ін деп айтамыз. (Тақтадан түлкінің даусы шығып, ізі көрінеді.) Ал мынау түлкі. Ол да қасқыр сияқты жортып жүреді. Кездескен кішкентай жануарларды жейді. Оның үйін апан деп атаймыз. Сергіту сәті: Музыкамен шаңғы тағып орманнан балабақшаға әртүрлі қимылдар жасап, қайтады. Балалар біз орманда көрген аңдардың іздерін салсақ қайтеді. Сендердің алдарыңда ақ қағаз, сендер оны «қар жамылған дала» деп елестетіңдер. Осы ақ қардың үстіне қылқаламның, мақта таяқшаларының көмегімен бояумен дақтар түсіреміз. Көрсету және түсіндіру. Қылқаламның ұшын қатты баспай, кішкене-кішкене дақтар түсіре отырып іздерді саламыз. Қоян секіріп-секіріп жүретіндіктен, арасын алиақ немесе жақын да орналастыруға болады. Мақта таяқшаларымен дақтар қалдыру арқылы аюдың ізін салу. Балалардың өзіндік жұмыстар Д/о: «Не қайда тұрады?» Қорытындылау:-Балалар, сендерге орманда болған ұнады ма?

	-Қандай жануар қысқы ұйқыға жатады? -Қандай жануардың түсі өзгереді? -Қоян немен қоректенеді? -Түлкі қыста қайда тұрады? -Біз ненің іздерін салдық? Жұмыстарын бағалап көрме ұйымдастыру. Балаларды мадақтау.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Қылқалам мен мақта таяқшаларын дұрыс ұстауды қалыптастыру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Сурет салу құралдарын пайдаланғандықтан жаңарту керектігін ескерту

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы


3-апта 24.01.2022-28.01.2022ж

Өтпелі тақырып: «Қызықты қыс мезгілі»

Апта тақырыбы: «Қыстайтын құстар»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 28.01.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	«Құстың ұясын» құрастыру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Құстың ұясы» Мақсаты: Балаларды қыстап қалатын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Үлгі бойынша қажетті пішіндерді ескере отырып салу жолдарын түсіндіру. Ойын-жатығу: «Тоңса егер қолымыз» Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс -Иә балалар біз тоңсақ жылы киінеміз, жылы үйде отырамыз, ал құстар қалай жылынады? -Құстар қыс мезгілінде жылы жаққа ұшып кетеді. Ал сіздер күнде серуенде құстарды көресіңдер ме? -Иә -Қандай құстарды көресіңдер? -Қарға, торғай, сауысқан, көгершін -Біз құстарға жем шашып тамақтандыруымыз керек. Себебі: қыс мезгілінде тамақ табу қиын болады -Қазір біз құстарға ұя жасауды сурет салу арқылы көрсетеміз. -Құстарға жылы ұя жасау үшін геометриялық пішіндерді пайдаланып, бастыру әдісі арқылы салып, қажетті бояулармен бояп безендіреміз. Балалар қажетті құралдарды алып, үлгі бойынша жұмыстанады. Сергіту сәті. Қане қанат жазайық, Қарлығаш боп ұшайық. Ұшып- ұшып алайық, Орнымызды табайық. Тақпақ жаттату Тас атқылап құстарды, Қуалауға болмайды. Қамқор болып құстарға Барлық адам қорғайды. Үлкен кісілер құстарға қарап ауа - райын болжаған. Қарлығаш жоғары ұшса, күн жылы болады, ал төмен ұшса жаңбыр жауады. Құстар көңілдене сайраса, күн ашық болады. Бозторғай ұя салса, қыс қатты болады. Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау. Оқу қызметін қорытындылау
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Геометриялық пішіндерді сурет салуда үйлестіріп орналастыруларына көмек беру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	«Құстарға арналған ұя жасау» ата-ана-баланың отбасындағы тәрбиелік бірлескен жұмысы екенін айту

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 31.01.2022-04.02.2022ж

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Апта тақырыбы: «Тірі және өлі табиғат»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 04.02.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Үлестірмелі материалдармен жұмыс: «Не артық ойыны: «Қыс мезгіліне жатпайтын суретті тауып, ажыратады.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: ««Қыстағы шуақты күн» (сюжетті сурет салу)» Мақсаты: Күн шуағын төккен қыс мезгілінің суретін көрсетіп, әңгімелете отырып, ақ параққа бейнелету. Балалардың қиялын, қабілетін дамыту. Шаттық шеңбері: Қысым-ақ, қысым-ақ, Жібердің қысып-ақ. Қалмаспыз біз деген, Боранға ұшырап. Аппақ қар жауа бер, Ризамыз саған мбіз (Қ.Ыдырысов) Қылқалам жанында әңгімелеуден бастаймын. - Балалар, ерте кездегі адамдар сурет салуды бастағанда олардың қолында ештеңе жоқ және өздері де икемсіз болыпты. Олар бейнелерді саз балшықтан немесе тастан қашап жасайтын болған. Алғашқыда олардың құралдары саусақтары болса, одан кейін таяқшаны, шөптерді пайдаланған. Адамдарға қылқаламды жасауға ой туғызған құстың қауырсыны болды. Қазір де кейбір халық шеберлері өрнек салуға қаздың қауырсынын пайдаланады. Ертедегі қылқалам пайда болғанда оның сыртқы пішіні онша әдемі болмады, Таяқшаға жылқының қылын байлап алып, сурет салуға пайдаланды. Дегенмен де бұл да қылқалам деп есептелді. 1. Қылқаламмен жұмыс істеудің негізгі ережелерін түсіндіруді жалғастыру а) қылқаламды суда қалдыруға болмайды; ә) сурет салып болған соң қылқаламды жуып, тазалап қою керек; б) қылқаламды орнына қойғанда қылы бар жағын жоғарыға қаратып орналастыру керек; Олай болса балалар осы сиқырлы қылқалам арқылы «Қыстағы шуақты күннің» суретін салайық. Балаларға тапсырма «Қыстағы шуақты күн» тақырыбына сурет салады. Бүгін қыстың бір жайдарлы, жылы, шуақты күнін салып көрейік. Алдарыңдағы үлгі ретіндегі үлкен суретке назар аударайық. Жылы, аспан ашық, қыстағы шуақты күн. Балаларға сурет салу тәсілін көрсету. Сергіту жаттығуы Қолды белге қояйық, Басты оңға бұрайық. Басты солға бұрайық Бір отырып, бір тұрып. Біз демалып қалайық - Енді қыстағы шуақты күннің суретін салып үйренейік. Суретті салу жолдарын, орындалу реті түсіндіріледі. - Нұсқау беріп көмектесіп отыру. Алдымен қыстағы шуақты күннің суретін ауада сызықпен сызып көрсетеміз. Суретті «Нүктелер арқылы сурет салу» дәстүрден тыс әдісін пайдаланамыз. Нүктелерді қылқаламмен тықылдату әдісі арқылы түсіріледі.

	Енді суретімізді боямыз. Қорытындылау:Балалар, қандай оқу іс- әрекеті болды? - Оқу іс- әрекетінде не туралы айттық? - Бұл оқу іс-әрекетінде ненің суретін салдыңдар? Жақсы, ерекше орындалған балалар жұмыстары аталып, мадақталады.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Салынған суретке бояуды таңдай білуге үйрету
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалар жұмысын шығармашылық ортаға ілу. Барлық ата-анаға әр баланың жұмысын көрсету


Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 4-апта 07.02.2022-11.02.2022ж

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»
 Апта тақырыбы: «Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де талап қыл»
 Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 11.02.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Үлестірмелі материалдармен жұмыс: «Не артық ойыны: «Қыс мезгіліне жатпайтын суретті тауып, ажыратады.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: « Мен суретші болғым келеді» Мақсаты: Сурет салудың техникалық дағдылары қалыптастыру. Түстерді үйлестіре білуге, қылқаламды дұрыс ұстауға, таза, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Психо жаттығу. Табиғатым тамаша Көз тоймайды қараса Табиғатты аялап Жүрейікші жараса Қыс мезгілі туралы сурет бойынша қысқаша әңгіме жүргізу Ғажайып сәт: Қар ханшайымы келеді: Сәлеметсіңдерме балалар, сендер мені таныдыңдар ма? Мен даладағы ағаштарды ақ мамыққа орап жатып терезеден сендерді көріп қалдым, сіздер мен туралы айтып жатыр екенсіздер. - Ия біздің балалар қыс мезгілі туралы барлығын біледі. Қар ханшайымы: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайыншы? Қыстаға ғана болады Ұстасаң қолың тоңады (Қар) - Қар ханшайымы бүгінгі біздің сурет салу оқу қызметімізге хош келіңіз. Бүгінгі тақырыбымыздың аты - «Мен суретші болғым келеді» Қызықтыру сәті: Ә. Қастеевтің салған суреттерімен таныстыру. - Балалар сендерге суреттер ұнады ма? - Сендер Ә. Қастеев атамыз сияқты суретші болғыларың келе ме? - Олай болса ақ параққа қыс мезгілінің тамаша көріністерін өз ойларыңша салыңдар. Балалар біраз серігіп алайық: Боран соқты оң жақтан Боран соқты сол жақтан Қар лақтырып ойнасақ Су өтеді қолғаптан. Жақсы көңіл күймен қызыға жаттығуға сай қимыл қозғалыстар жасай алды - Балалардың салған суреттерін тамашалап мақтап- мадақтау.

	-балалар салған суреттерін әңгімелей алды Қар ханшайымы балалардың салған суреттеріне риза болып әкелген сыйлығын тарту етті. Ал, енді балалар мен кетейін. Сау болыңдар келесі қыс мезгілінде кездескенше. Д/о: «Қай кезде болады?» Қорытындылау: Бізге қонаққа кім келді? -Балалар бүгін біз қай жыл мезгіл туралы әңгімелестік? -Қазақ халқының әйгілі суретшісі кім? Осымен балалар оқу қызметіміз тамамдады. Балаларға рахмет айту
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Өз қалаған суреттерін салуға мүмкіндік беру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалар жұмысын шығармашылық ортаға ілу. Барлық ата-анаға әр баланың жұмысын көрсету

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

І-апта 14.02.2022-18.02.2022ж


Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Апта тақырыбы: ««Дені саудың жаны сау»»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 18.02.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Үлестірмелі материалдармен жұмыс: «Не артық ойыны: «Қыс мезгіліне жатпайтын суретті тауып, ажыратады».
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: ««Шаңғы теуіп шынығамыз » Мақсаты: Балаларға қысқы ойын түрлерін, таза ауада серуен жасау адам денсаулығына тигізетін пайдасы туралы әңгімелей отырып, шаңғы суретін салуды үйрету. Тігінен, көлденеңінен сызықтарды сызып, қосу техникаларын меңгерту Балалар бәріміз орнымыздан тұрып үлкен шеңбер жасап табиғатпен амандасайық Шаттық шеңбері Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса, Сәлем саған Жер ана! Сәлем саған Күн ана! -Балалар бір жылда неше жыл мезгілі бар ? -Қыс, көктем, жаз, күз Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын. Аяз қысып өрнек сызып Терезені торлайды . Қарға омбығып ,бет домбығып Балдырғандар ойнайды Кейде ұлып , кейде ысқырып Ұйтқып боран соғады Бөбектерім айтыңдаршы Бұл қай кезде болады?(Қыс мезгілінде) Жетелеуші сұрақтар арқылы қыс мезгілін әңгімелеу

	1.Қыс мезгілінде көптеген өзгерістер болады, күн суытып аяз, боран болады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. 2.Қыс мезгілінде қандай ойындар ойнайсыңдар? Қыста шанамен сырғанаймыз, аққала жасаймыз, қармен ойнаймыз. Суретпен жұмыс -Тақтадағы қандай ойындар көріп отырсыңдар? - балалар шанамен ойнап жатыр ,аққала жасапты. Аққаланы жасау үшін қарды дөңгелек үлкен,орташа және кішкентай дөңгелектер жасап бір-бірінің үстіне қойып жасайды екен. Ғажайып сәт:Балалар бізге қонаққа аққала келіпті.Аққаламен амандасайық -Мені танысыңдар ма? -Балалар менің мұрным неден жасалатынын білесіңдерме? Ал, сәбіз неге жатады? Сәбіз көкөністерге жатады -Мен көкөністермен жемістерді жақсы көремін.Ал күн жылып қар еріп көктем шыға бастағанда мен әлсізденемін сондықтан күш жинау үшін дәрумендер жеу керекпін . Сол үшін мен дәрумендер еліне кетіп бара жатырмын.Балалар бірақ менің шаңғым сынып қалды. Сендер маған шаңғының суретін салуға көмектесесіңдер ме. -Енді бәріміз, сәнді шаңғының суретін салып көрейік. Балалар біздер суретімізді салмас бұры қауіпсіздік ережесін есімізге түсірейік. Қылқаламмен жұмыс жасаған кезде қылқаламды ауызға салуға болмайды. Қылқаламның ұшын ғана субояққа батырамыз. Суды ішпейміз, төкпейміз. Жасалу жолдары: -Алдымен қарандашпен шананың суретін бастырып салып аламыз. Сонан кейін қылқаламмен тігінен,көлденеңінен сызықтарды сызып,қосу арқылы шананың екі жолағын сызып аламыз,бұл шананың сырғанайтын табаны болады. -Жіңішкелеп қаламмен отыратын бөлігіндегі таяқшаларды сызып саламыз.Жауып тұрған қарды да салуға болады. Сергіту сәті Жүріңдер балалар Сырғанақ тебеміз Құрыспай, құрыштай Шынықсын денеміз Баяққа бау тағып Шаңғыңды майлап ал Биалай , малақай Бәрінде сайлап ал. -Енді балалар ойын ойнайық Д. о «Ойлан тап» (Қыс мезгіліне байланысты суреттерді тақтаға жапсырады) - Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды? Қорытындылау:Балаларды мадақтау,жұмыстарын бағалау. - Көрдiңдер ме балалар қыс мезгiлi қандай тамаша. Аққала қоштасады:Жақсы балалар сендер қыс мезгiлiн бiлдiңдер. - Рахмет сендерге балалар тамаша сурет салдыңдар.Маған көмектестiңдер
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Сұрақтарға жауап беруде балалардың жауаптарын толықтыру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Балалар жұмысын шығармашылық ортаға ілу.Барлық ата-анаға әр баланың жұмысын көрсету

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 21.02.2022-25.02.2022ж

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Апта тақырыбы: «Техника және біз»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 25.02.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	«Кім жылдам?» (жұмбақтар шежіреші) Техника түрлеріне байланысты қойылған жұмбақтар шешуін табады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Теледидар» Мақсаты: Техника түрлеріне тоқталу. Соның бірі-теледидарды қарауда өзіндік ережелерді сақтауларын (тым жақыннан қарамау, ересектердің көмегінсіз қоспау т.б) ескерту. Тік төртбұрышты пішінді салу арқылы теледидар суретін салғызу. Сурет салуға белсенділік таныту. Шаттық шеңбер Нұр құшып әлемді, Арайланып таң атты! Жарқыраған күніміз, Жер мен көкті оятты! Жұмбақ: Ән салады чемодан, Ішінде тұр көп адам. Естімейді сөзіңді, Сөйлемейді сөзіңді. Шешуі не екен, балалар? Болып жатқан жаналықтарды біз не арқылы естиміз? Жарайсыңдар, балалар бүгін біз Теледидар мен танысамыз, суретін саламыз. Балаларға теледидар жайлы түсінік беру. Қауіпсіздік ережесі жайлы айтып өту, техниканың түрлерімен таныстыру. Техниканың бірнеше түрлері болады, олардың көбі тоқ арқылы жұмыс жасайды. Үлкендердің көмегінсіз балаларға қосуға болмайды. Үлгі бойынша салынған суреті көрсетіледі. Педагог жетекшілігі арқылы теледидар суретін салу. Сергіту сәті: Бала, бала, балақай, Қол соғайық, алақай! Бір, екі, үш деп айтайық, Саусақтарда тартайық. Жалқау бала болмайық, Қолды қысып, ойнайық. «Болады, болмайды» ойыны арқылы техниканың қауіпсіздік ережелері туралы түсініктері жетіледі Қорытындылау: Балалар бүгін ненің суретін салдық? Теледидар бізге не үшін қажет? Қандай пішінді қолдана отырып суретті салдық? Балалардың салған суреттеріне назар аудару, балаларды мадақтау.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Сұрақтарға жауап беруде балалардың жауаптарын толықтыру

Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	«Техника құралдарын пайдалануда балалардың қауіпсіздік ережелерін ескеру» кеңес
---	---

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 28.02.2022-04.03.2022ж

Өтпелі тақырып: «Өнер көзі-халықта»

Апта тақырыбы: «Көктем жаршысы құстар»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 04.03.2022ж
ҰОҚ дайындық	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	АКТ бойынша қайтқан құстарды тамашалайды Тақырыбы: «Құстарға ұя» Мақсаты: Жылы жақтан ұшып келетін жыл құстарын АКТ бойынша көрсетіп таныстыру. Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелей отырып, ұяның суретін салғызу. Геометриялық пішіндерді үйлесімді пайдалануларын қадағалау. Шаттық шеңбері «Табиғат біздің анамыз» Балаларды табиғат орталығында жинап жыл мезгілі туралы әңгіме қозғау Қазір қандай жыл мезгілі? Дұрыс айтасыңдар деп тақтаға көктем мезгіліне байланысты суретті іліп қояды. Көктем туралы қандай белгілерді білесіңдер? Балаларға "Жыл құстар" туралы өлең оқу Жыл құстары олар жылы жаққа ұшып кетеді, көктемде қайта ұшып келеді де өзінің сайраған дауысымен адамдарды қуантады. Балалар сендер қандай жыл құстарын білесіңдер? Балалар жауап береді, егер балалар жауап бере алмаса, онда суреттерді іліп естеріне түсіру. Дидактикалық жаттығу: «Құстар сияқты ұшайық». Балалармен бірге құстардың ұшып жүрген сәттерін имитация арқылы жасап жүру Тосын сәт: Мынау мысық қой (шошып) ойыншық мысықты алып көрсетіп дыбыстау Балалар міне көрдіңдер ме құстарды мысық аңдып жүр -Қалай құстарға көмектесу керек? -Оларға жақсы ұя жасап беру керек. -Дұрыс айтасыңдар Балалардың алдына ұя үлгілерін іліп көрсету. Мынау не? Ұя не үшін керек? Құстарда ұя болу керек, ұя оларға үй, пана болады деп түсіндіру Құстар ұяны құрастырғанда аяқтарымен, тұмсықтарымен неше түрлі сым, тал шыбықтарды әкеліп ағаштың бұтақтарының арасына қойып ұя құрастырады. ал ұялары жылы, мықты болу үшін, олар неше түрлі жіптер мен мақтаны тауып алады да тесіктерді бітейді. Осылайша құстар жақсы ұя құрастырып алады. Құстарды да құрылысшылар деп айтуға болады. Оқу қызметіне қажетті құралдарды дайындау Дидактикалық жаттығу жасайықшы: «Қағаз қандай?» деп балалардан жауап алады. егер балалар ойланып қалса Тәрбиеші: қағаз жыртылады, ұқаланады, бүктеледі, суланады, сурет салынады деп түсіндіреді. Балалар біз ұяны қағаздан геометриялық пішіндер арқылы бастыру әдісімен салып үйренеміз. Міне балалар көрдіңдер ме не болып шықты? Тамаша енді құстардың ұясы бар, олар ешкімнен қорықпайды. Жақсы балалар барлықтарын жақсы сурет салдыңыздар. Ойын арқылы қорытындылау: Дидактикалық ойын: «Құстар қалай дыбыстайды?» Қарға қарқылдайды?

	Торғай шырылдайды. Көгершін гүлдейді. Қарлығаш шықылықтайды.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Сұрақтарға жауап беруде балалардың жауаптарын толықтыру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Отбасымен бірігіп құстарға ұя жасап алып келу

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 07.03.2022-11.03.2022ж

Өтпелі тақырып: «Өнер көзі-халықта»

Апта тақырыбы: «Жылгалардан су ақты»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 11.03.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	«Алтын балық» ертегісін айтып беру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Алтын балық» Мақсаты: Трафератпен балық бейнесін үлгі бойынша өзіне тән ерекшеліктерін, пішінін, пропорциясы, бөліктерінің орналасуын ескере отырып, сурет салуға үйрету. Шаттық шеңбер: "Қайырлы таң, аспан Қайырлы таң, күн Сәлем достарым Жарқырасын жүздерін" Жұмбақ жасыру Табиғат бәрі оянып, жанбыр жауды далаға, құстар қиып келгенде бұл қай кезде болады? - Көктем мезгілінде - Көктем мезгілінде неше ай бар? - Үш ай: наурыз, сәуір, мамыр Д/ойын: «Жер, су, ауа» Мақсаты: Суда, жерде, ауада нелер тіршілік ететіндерін ажырата білу. Жұмбақ жасыру: Суда жүріп шөлдейді (балық) - Балық қайда мекендейді? - Суда Тосын сәт: Бөлмеде музыка әуені ойналып тұрады. Шағын аквариумның ішінде бір балық жүзіп жүреді. - Балалар қарандаршы, мына балық неге жалғыз жүзіп жүр екен? - Балалар, балықтар сөйлей ма? - Кәне жақындап сұрайық - Балалар, мына алтын балықтың достары жоқ екен, ол көп достарым болса екен деп армандайды. - Бәріміз алтын балыққа көмектесемізбе? - Ия көмектесеміз - Алтын балыққа көп достарын салып берейік.

	-Иә Сергіту сәті: Екі тышқан кездесті пи-пи-пи Екі мысық кездесті, мяу-мяу-мяу Екі күшік кездесті, аф-аф-аф Екі бұзау кездесті, мө-мө-мө Екі досы кездесті, алақай-алақай!!! Олай болса орнымызға отырып, шағын алдарындағы аквариумге трафарет арқылы балықтың суретін губкамен саламыз. Балаларға балықтың түрлері туралы және оның пайдасын толықтыра айту.Қауіпсіздік ережесін айта отырып ,балықтың салу жолдарын көрсету. Балалар трафарет арқылы сурет салады және салған суреттерін бояйды. Кәне балалар саусақтарымыз шаршады ,сергітіп алайық. Жып-жылы таза суда Балық жүзіп ойнауда Біресе керіледі, Біресе жиырылады Ал бірде құмға тығылады. «Балық аулау» еркін ойын 4К: коммуникативтілік,бала үні,жанама бақылау Мақсаты: шашылып жатырған балықтардың арасынан, өзінің шелегінің түсімен бірдей балықты тауып, аулай алады. Шелектегі аулаған балықтарын санай алады. Барысы: қармақпен шелегі түстес балықты аулау керек. Мысалы: жасыл шелегі болса, жасыл түсті балықтарды аулайды. Қортындылау:Балалар біз бүгін ненің суретін салдық? -Балықтардың түсі, көлемі қандай? - Балаларды мадақтау, көрме ұйымдастыру.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы.Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Трафаратпен жұмыстануда жеке жұмысты қажет ететін балаларға көмек беру
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Сурет салудағы балалардың жұмысымен ата-аналарды таныстыру

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 14.03.2022-18.03.2022ж

Өтпелі тақырып: «Өнер көзі-халықта»

Апта тақырыбы: ««Салт-дәстүр және фольклор»»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 18.03.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Қазақтың ұлттық бұйымдары бойынша суреттер топтамасын қарау, танысу
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Шаңырақ» Мақсаты: Қазақ халқының сәндік-қоданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Шаттық шеңбер: Салем жер Салем балабақшам Салем жер Ой шақыру. АКТ бойынша жыл мезгілін көрсету, сұрақ-жауап арқылы бала түсінігін кеңейту – Балалар, АКТ бойынша жылдың қай мезгілін көрдіңіздер? (көктем) – Көктем мезгілінде табиғат қандай өзгерістерге ұшырады? Қар еріді, ағаштар бүршік жарды, жайлауға көшіп жатыр. Жаңа оқу қызметі бойынша түсінік беру Бұрынғы көшпелі халықтың баспанасы киіз үй болған. Киіз үй төрт бөліктен тұрады. Олар: Кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық. Біздің киіз үйіміз тек баспана ғана емес, ол сәулет, құрылыс, сурет, қолөнер, мәдениет сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын гажайып туынды десек те болады. Киіз үй ішін жабдықтауда қазақ дәулеті мен мәдениетін таныта білген. Киіз үй аз уақыт аралығында тігуге де, жинауға да ыңғайлы. Көшіп-қонуға қолайлы болғандықтан, малышлар оны қазір де көп қолданады. Киіз үй тегіс, су жүрмейтін құрғақ жерге тігіледі. Балалар бүгінгі оқу қызметімізде шаңырақтың суретін саламыз. – Сурет салудың тәсілін көрсету; – Тікелей бақылау жасау; – Қажет жағдайда көмек көрсету Сергіту сәті: Кел балалар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Шаңырақты көтеріп, Керегені құрайық. Уықтарша иіліп, Шаңыраққа қосылып. Қазақ үйді құрайық Дидактикалық ойын «Киіз үй» ойнатылады. Көтеріліп шаңырақ (қолдарын жоғары көтереді) Уықтары шаншылып (қолдарын жоғары көтереді) Керегелер керіліп (алақандарын ашады) Өрім дей болып өрілер (қолдарын белге қояды) Бәріміз бірге жүрсек айналып, киіз үй болып көрінер. Қорытындылау: Балалар біз бүгінгі оқу қызметімізде не білдік, не үйрендік? – Ненің құрылысымен таныстық?

	- Киіз үйдің қандай құрал-жабдықтарын білдіңдер? - Киіз үйдің құрылысы қалай аталады екен? Балалар түсінгендері бойынша сұрақтарға жауап береді.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Жеке көмек қажет ететін балалармен оқу қызметінен тыс уақытта жеке жұмыс жүргізу
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Сурет салуға арналған дәптер дайындап, балалармен жұмыстану керектігін түсіндіру.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

2-апта 21.03.2022-25.03.2022ж


Өтпелі тақырып: «Өнер көзі-халықта»

Апта тақырыбы: «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 25.03.2022ж
ҰОҚ дайындық	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Алғашқы бәйшешектер» Мақсаты: Көктемнің ең алғашқы гүлі- бәйшешек және оның ерекшеліктері туралы түсінік беріп, әңгімелеу. Берілген сұрақтарға нақты жауап беруге, сурет салуда таза, ұқыпты жұмыстануларын қадағалау Шаттық шеңбер: Жарқырап күн де ашылды, Айналаға гүл шашылды, Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз! Қазір мен тағы бір жұмбақ жасырамын, сендер сол шешімін тапқан соң, бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы ашылады. Жұмбақ: Аналарға сыйлайтын, Аралар бал жинайтын. Бұл немене балалар, Үзуге адам қымайтын. (гүл) -Дұрыс балалар Бүгінгі оқу қызметінде көктемнің алғашқы гүлдері туралы айтамыз. Слайдқа назар аударту. Көктем гүлдерін атау -Бақбақ, қызғалдақ, бәйшешек -Жақсы дұрыс. Бүгін «бәйшешек» туралы айтамыз. Тосын сәт: Бір құстың даусы естіледі Табиғат бұрышындағы ағаштың түбінен аузына гүл қыстырған көгершінді көрсету -Көгершін аузына біз айтып жатырған бәйшешек гүлін қыстырып алып келген. Бәйшешек туралы мнемокестеге сүйене отырып тақпақ жаттату Бәйшешектен білеміз, Көктем келіп қалғанын. Мәз боламыз күлеміз, Көрсек гүлдің жарғанын. Бәйшешек-күн жылынып, көктемнің келе жатқанын алғаш хабарлайтын күй талғамайтын гүл. Көктемнің басында, қыстың қары толығымен еріп бітпеген кезде тауда, қардың астында ақ, көгілдір немесе күлгін гажайып бәйшешек гүлінің суретін саламыз. Ол үшін біз су бояудың жасыл және ақ түстерін қолданамыз, мақталы таяқшамен

	көмегімен жасыл түсімен жапырағын, ал ақ түсімен бәйшешекті боямыз. Сергіту сәті Жайқалады бәйшешек, Жайқалады қызғалдақ. Су құямыз себелеп, Өссін биік, биіктеп. Біз гүлдерді жұлмаймыз. Қамқор болып қорғаймыз. Әсем болып өскенде, Үлкендерге сыйлаймыз. Қорытындылау: «Бәйшешек алаңы» балалар салған суреттерінен көрме ұйымдастырып, бәйшешек алаңын құрайды
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Жеке көмек қажет ететін балалармен оқу қызметінен тыс уақытта жеке жұмыс жүргізу
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес ұсыныстар	Салған бәйшешек гүлін аналарына беріп жіберу

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 28.03.2022-01.04.2022ж


Өтпелі тақырып: «Өнер көзі-халықта»

Апта тақырыбы: «Өнер көзі халықта»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 01.04.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Қазақтың ұлттық бұйымдары бойынша суреттер топтамасын қарау, танысу
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Орамалды әшекейлеу» Мақсаты: Траферат арқылы орамалды ою-өрнектермен және мақталы таяқшамен түрлі-түсті бояуларды қолдана отырып, әшекей бұйымдарын салғызу. Эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. Жылулық шеңбері: Балалар бір-біріне деген жылы тілектерін айтады. АКТ бойынша қазақтың ұлттық киімдері туралы суреттер көрсетіліп-орамалға тоқталу Орамал қазақтың ұлттық киімдеріне жатады. Оны аналарымыз бастарына тағады. Орамалдың түстері әртүрлі болады. Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін балалардың естеріне түсіріп, киімдердердегі ою-өрнектерді көрсетіп, сұрақтар қояды Қазақтың ұлттық оюының бірі “омыртқамен” таныстырады. Сергіту сәті: Бала-бала балақан Қайсы-қане алақан Саусақтарын әйбәт Былай-былай ойнат Ауада екі қолмен үшбұрыштар жүргізе отырып “омыртқа” өрнегін салады. Балалардан әже, аналарымыздың орамалын ою-өрнекпен әшекейлеп беру үшін трафератпен, мақталы таяқшаларды пайдаланатынымызды айтып түсіндіремін. Сұрақ- жауап әдісімен қандай ою-өрнек салуды анықтайды. Балалар қалаулары бойынша бояу таңдап алып, “омыртқа” өрнегін салуға кіріседі.

	- Үшбұрыштарды салу арқылы “омыртқа” өрнегімен орамалды әшекейлейміз. -Шаршы пішінді орамалдың суретін қылқаламмен салып аламыз, -Содан кейін орамалдың ішіне нүктелердің көмегімен ою саламыз, -Нүктелер арқылы салынған өрнегімізді бояумен әдемілеп бояймыз. Міне, біздің салған орамалымыз әшекейлі және әдемі болып шықты. Қорытындылау:Көрме ұйымдастыру. Жарайсыңдар, “омыртқа” өрнегіміз неге ұқсайды, балалар? Салған орамалды әжеміз бен анамызға апарып береміз деп,балалардың көңілдерін көтеру, мақтау. “ Орамал тастау” ойынын ұйымдастыру.
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы.Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Жеке көмек қажет ететін балалармен оқу қызметінен тыс уақытта жеке жұмыс жүргізу
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Сурет салуда жасаған жұмыстарын әже,аналарына беріп жіберу.Баланың шағын сыйлығына қуану.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 04.04.2022-08.04.2022ж


Өтпелі тақырып: «Табиғаттың гүлденуі»

Апта тақырыбы: «Көктемгі ағаштар»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 08.04.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Фланеграфқа көктем мезгілін орналастыру
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы:«Ағаштан жапырақ шықты» Мақсаты: Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын және өзінің жұмыстарын бағалай алуды жетілдіру.Ағаштарға байланысты тиым сөздер айтқызып,табиғатты қорғауға тәрбиелеу Шаттық шеңбері: Күнмен амандасу Күн бейнеленген суретті көрсету. Бұл – ең үлкен және қайырымды керемет күн. Тағы ол қандай? «Салыстыр және ата» ойыны. Сөйлемнің басын бастайды, балалар аяқтайды. Күн сары, (бақ-бақ) сияқты Күн дөңгелек (доп) сияқты Күн мейірімді, (анамыз) сияқты, т.с.с. - Көктем күнге қалай көмектесті? -Неліктен қар ериді? -Көктемде ағаштарда не пайда болады? -Бұршіктің түсі қандай? Ал ағаштың ше? Көктем мезгілінде жер беті құлпырып өзгеше бір ерекшелікте болады. Көктемде күн қысқа қарағанда жылуын шашып, жарқырай бастады. Қар еріп, су жерді сугарды. Ағаштар да бұршік атып, жапырақтар өсе бастады. Жылы жақтан құстар ұшып келеді Жақсы балалар бүгін біз осы «Ағаштан жапырақ шықты» деген тақырыпта яғни көктем ағаштарына байланысты сурет саламыз. Алдын-ала фланеграфта бейнеленген көктем мезгілін көрсетіп, түсіндіру Сурет салудың қауіпсіздік ережесі: Достарымызға кедергі жасамаймыз, қылқаламды орынмен пайдаланамыз. Акварельді иіскемейміз, қолмен ұстамаймыз.

	Сурет салу тәсілі Бізге Көктемдегі ағаштарды салу үшін жасыл, қоныр түстер қажет болады. Ең бірінші ағаштын діні, бұтақтары, гүлдерін саламыз, діні жоғарыдан төмен қарай жіңішкереді, сондықтан дінінің төмен жағын қоңыр қою бояумен бояймыз, жоғарды жанына ашық қоныр бояуды жеңіл жағамыз. Бояуды қылқаламмен қағазға жайлап тигіземіз. Қылқаламның қозғалуы ағаштың бұтағының бағытын білдіреді. Жеңіл қозғалыспен сүйкей жағу тәсілімен жапырақтарды саламыз. Сергіту сәті: Шапалақта қолыңды, Жай, жай, жай! Міне, былай! Шапалақта қолыңды. Тез-тез-тез! Тез-тез-тез! Алға қарай адымда, Жай, жай, жай! Міне, былай! Жолыңнан еш жаңылма, Тез-тез-тез! Тез-тез-тез! Балалар сурет салуға кіріседі. Балалар көктем ағаштарының суретін салады. Балалардың салған суреттерін қарап, көмектесу. Қортындылау: Балалар, қандай оқу іс-әрекеті болды? - Оқу іс-әрекетінде не туралы айттық? - Бұл оқу іс-әрекетінде ненің суретін салдыңдар?
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Жеке көмек қажет ететін балалармен оқу қызметінен тыс уақытта жеке жұмыс жүргізу
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Сурет салу дәптерлерін үйлеріне беріп жіберіп, салған суреттерімен таныстырып көрсету.

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

I-апта 11.04.2022-15.04.2022ж

Өтпелі тақырып: «Табиғаттың гүлденуі»

Апта тақырыбы: «Ғарышқа саяхат»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 15.04.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру» Ойын шарты: балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Аспан әлемі» Мақсаты: Балаларға ғарыш, ғарыш әлемі туралы түсінік беру. Бояу түстерін таңдап, сурет салуға қызығушылығын арттыру. Өз бетімен жұмыстануға мүмкіндік беру. Шаттық шеңбері: Армысың Аспан ата, Армысың Жер Ана, Армысың мейірімді Күн Күліп шықты күн бүгін! Сұрақ-жауап арқылы оқу қызметінің тақырыбын ашу - Жоғарыда біздің үстімізде не бар? - Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме? / балаларға түнгі аспан фотосуреттерін экран арқылы көрсету/

	Сендерге ұнай ма? Маған да ұнайды. Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты. Қалай ойлайсыңдар жұлдыз деген не? Олар неменеге ұқсайды? Дұрыс, балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан. Жарайсыңдар! Ал енді солардың арасында ең үлкен жұлдыз бар, ол қалай аталады? -Күн ол үлкен, жарқырап тұрған, ыстық шар. Жұмбақтар шешу. 1.Алтын кетті,күміс келді.(Ай) 2.Тақиям толған сөк,ерте тұрсам жоқ.(жұлдыз) -Балалар бұл екеуі де,қай мезгілде шығады? -Түнде. Жарайсыңдар, мен сендерге ай мен жұлдыз туралы түсінік берейін. - Аспан әлемінде Ай, Күн, жұлдыздар мен әртүрлі ғаламшарлар бар. Біздің ағаларымыз ғарышқа ұшып, ғаламшарларға саяхат жасайды. Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. Жұлдыз –түнде жарқырап ,көкте нүктедей болып көрінетін аспан денесі. Жұлдыздар ыстық шарлар деп аталады.Ең ыстықтары көк түсті.Ал,суықтары ақ,сары,қызыл түсті болады. -Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетімізде түнгі аспанды бейнелеп саламыз. Көрсету және түсіндіру. 1. Қара түсті картонды алып, парақтың сол жағына айды саламыз. 2.Жұлдыздардың суретін қара картон бетіне сары түспен нүктелер арқылы шашыратып саламыз. Сергіту сәті: Бағытымнан аумаймын! Шетсіз- шексіз ғарышқа, Зымыранмен ұшамын! Бет түзеймін алысқа. Балалардың өзіндік жұмыстары. Қорытындылау:Балалар түнгі аспанды бейнелеу үшін қандай түсті қағазды алдық? -Түнде ай мен жұлдыз қандай түсті болады?
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы.Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Жұлдыздарды шашыраңқы етіп орналастыруды үйрету.
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	Балалар қабілетіне байланысты ата-аналармен кеңесу үшін топ тәрбиешілеріне айту

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 2-апта 18.04.2022-22.04.2022ж

Өтпелі тақырып: «Табиғаттың гүлденуі»
 Апта тақырыбы: «Жер-Ана»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 22.04.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Дидактикалық ойын: «Тірі, өлі табиғатты топтастыр»
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған	Тақырыбы: «Табиғат-біздің досымыз» (еркін тақырыпта сурет салу) Мақсаты: Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыра отырып, мазмұнды композиция салу дағдыларын дамыту. Өз қалаулары бойынша еркін тақырыпта сурет салғызу. Балаларды шығармашылыққа баулу.

оқу қызметі	Шаттық шеңбері Армысың асыл күн! Армысың ашық күн! Армысың ұстазым, Армысың достарым, Сендерді көргенде қуанамын! -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінің қай айы? -Көктемде ауа райы қандай болады? -Ал енді балалар, сендер көктем мезгілін тамашалау үшін ойын-тапсырмалар орындатады. Құстар туралы жұмбақтар 1) Бұдыр-бұдыр балшықты Жинады да талшықты Ұқсатып қамытқа Үй салды жабыққа (Қарлығаш) 2) Қонып алып жарға Қырқылдайды (Қарға) -Балалар мынау қандай әдемі «Гүлдер алаңы». Бұл көктемнің алғашқы гүлдері. Оларды жұлға болмайды. Жұлып алсақ, гүлдер солып, өліп қалады. Көктемде осындай әдемі гүлдерді салғыларын келе ме? Сергіту жаттығуы Күн шыққанда сүйініп, Бәйшешектей иіліп. Біз тынығып аламыз, Жиі-жиі жаттығып, Үлкен болып өсеміз. Сурет салудың жаңа әдісін таныстыру. Ол «мөр» салу әдісі. Картондан жасалған мөрді бояуға малып, батырып қағазға басамыз. Ең бірінші сабағын жапырақ басып саламыз, сосын гүлін басамыз. Балалар бірігіп сурет салады. Сурет салуда ұқыптылық сақтау, бояуды үстеріне жақтау. Балалардың өзіндік жұмысы қадағаланады. Қорытындылау: Балалардың жасаған жұмыстарын «Ата-аналар бұрышына» ілу. Смайктер беру. Оқу қызметіне балалардың қызығушылықтарын арттыру
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Дәстүрден тыс сурет салудың жаңа тәсілдері арқылы бала шығармашылығын дамыту
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалардың балабақшадағы бір күндік орындаған жұмысы туралы күнделікті ата-аналармен байланыс жасау

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

3-апта 25.04.2022-29.04.2022ж


Өтпелі тақырып: «Табиғаттың гүлденуі»

Апта тақырыбы: «Бір шаңырақ астында»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 29.04.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Жұмбақтар шешуін тауып, суреттен көрсете білу

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Ақ көгершін, көгершін» Мақсаты: Балаларға көгершін бейбітшілік құсы екенін айта отырып, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді пайдаланып, бейнелету. Көркемдік талғамдарын дамыту. Балалардың ой-қиялдарын жетілдіру. Алақанмен айналаға Шуақ нұрын шашайық Сәттілік тілеп күлімдеп Дос болайық бәріміз Балаларға ауа райы, көктем мезгілі жайлы әңгімелеу. Көктемде тағы бір жақсы мейрам бар екенін айтып АКТ көрсетіп түсінік беру: - Балалар біз Қазақстанда тұрамыз. Бізбен бірге қазақ жерінде көптеген ұлт өкілдері тұрады. Барлық ұлттар тату тәтті бір шаңырақтың астында, яғни желбіреген көк тудың астында өмір сүріп келеміз. әр ұлт өкілдері мейрам кезінде өз ұлттық киімдері мен әдет –ғұрпы, салтын биен, әнмен жеткізіп, достық туын биік көтеріп 1-мамыр достық, татулық, бірлік мерекесін тойлаймыз. Д/О: «Достық сөзі» Ойынның шарты: Балалар шеңбер болып тұрады, ойын доппен ойналады. Ойын бастаушы досқа тән сөздердің біреуін айтып қасындағы балаға допты береді. Ойын жылы сөздерді айтумен жалғасады. 1-мамыр мерекесіне қолымызға доп, шарлар мен көгершіндер ұстап шығамыз. Көгершін бейбітшілік құсы. Бүгін біз-көгершіннің суретін саламыз. Сергіту жаттығуы - Жаңа тақырыпқа арналған бейненің жасалу тәсілі: бала гуашка алақанын малады немесе қылқалам арқылы алақанын бояйды, содан соң қағазға алақанын бастырады. Түрлі түске боялған оң және сол қолымен салады. Жұмыс аяқталғаннан соң сұрткіштермен алақанын сүртеді, жуады. Көктем келді далаға, Көктем келді көшеге. Көктем келді мейрам боп, Нұрын төкті әлемге. Тақпағын жаттатып оқу қызметін қорытындылау
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Дәстүрден тыс сурет салудың жаңа тәсілдері арқылы бала шығармашылығын дамыту
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Көктем келді далаға, Көктем келді көшеге. Көктем келді мейрам боп, Нұрын төкті әлемге. Балаларға жаттату керектігі айтылады

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б. Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
 3-апта 02.05.2022-06.05.2022ж

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»
 Апта тақырыбы: «Бейбітшілік қорғанында»

Сурет салу педагогы: А.С. Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 06.05.2022ж «Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	Тақырыпқа байланысты АКТ бойынша суреттер көрсету
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша	Тақырыбы: «Мәңгілік алау» Мақсаты: Алдын-ала жұмыс бойынша ескерткіш саябағынан көрген мәңгілік алауды еске түсіре отырып, қарандаш, қызыл бояу қалам көмегімен ақ параққа бейнелету. Ойлау

ұйымдастырылған оқу қызметі	қабілеттерін қалыптастыру. Өлең айтқызып,мағынасын әңгімелеу <i>Бұл шақта, болсақ та</i> <i>Кішкентаймыз әлі біз.</i> <i>Кішкентай болсақта</i> <i>Ел қорғауға әзірміз.</i> <i>-Балалар, біздің бүгінгі ашық оқу қызметіміз ерекше толғанысқа ие болмақ. Себебі, бүгінгі оқу қызметіміз 9 мамыр-Жеңіс күні мерекесіне арналады.</i> <i>-Балалар алдыңғы оқу қызметімізде қолымызға гүл алып қайда бардық?</i> <i>-Ескерткіш алаңына бардық</i> <i>-Қолымыздағы гүлімізді мәңгілік алауға қойдық.Жыл сайын ескерткіш алаңына бару басты міндетіміз.Себебі:біздің болашағымыз үшін ата-бабаларымыз елімізді, жерімізді қорғады.</i> <i>Иә, кім де болса өз Отанын қорғауға қашанда дайын. Батылдығымен, қайсарлығымен сол Ұлы Отан соғысына қатысқан батырларымыздың суретін көрейік.</i> АКТ бойынша батырлар суреті көрсетіледі. Тапсырма орындату <i>-Гүлдерді қойған мәңгілік алау суретін саламыз.Ол үшін қарандаш,қызыл бояу қалам көмегімен ақ параққа бейнелейміз</i> <i>-Сурет салу жолдарын көрсету;</i> <i>-Қадағалау,қажет жағдайда көмек көрсету</i> Спорттық жаттығулар орындайды. <i>Алдын-ала жаттаған тақпақтарын еске түсіріп айтқызу</i> <i>Атам Отан қорғаған,</i> <i>Онда қорқақ болмаған.</i> <i>Алтын жұлдызы кеудеде,</i> <i>Нағыз батыр ол маған.</i> <i>Батырларға тағзым.</i> Қорытындылау: <i>Енді балалар, мынау ашық аспан астында, бейбіт заманда әрқашан отанымызды, жерімізді, елімізді қорғап жүретін егеменді еліміздің үлкен азаматтары болуларыңа тілектеспін.Осымен бүгінгі оқу қызметіміз аяқталды. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, аспанымыз ашық болсын!</i>
Іс-әрекет түрлері	<i>Сыни ойлау,бала үні.Ашық,жетелеуші сұрақтар.Балалардың өзіндік жұмысы.</i> <i>Тікелей бақылау</i>
Балалармен жеке жұмыс	<i>Сурет салуда қабылдауы жәй балаларға көмектесу</i>
Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар	<i>Атам Отан қорғаған,</i> <i>Онда қорқақ болмаған.</i> <i>Алтын жұлдызы кеудеде,</i> <i>Нағыз батыр ол маған.</i> <i>Батырларға тағзым.</i> Тәрбиешілерге:<i>балалардың толықтай жатқа айтулары үшін жаттату керектігін айту</i>

Бекітемін: 
 әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

4-апта 09.05.2022-13.05.2022ж

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»

Апта тақырыбы: «Табиғаттың гүлденуі»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 13.05.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	«Түсіне сәйкес орналастыр» ойыны ойнатылады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер» Мақсаты: Балаларға сия тамшысы техникасына бейімдеу. Гүлдердің пішінін бейнелеу білуге баулу. Мазмұнды композиция салуға үйрету. Жылулық шеңбері Бүгінгі іс-әрекетімізді жақсы тілекпен бастайық. Балалар бүгін мен әдемі гүл әкелдім, ендеше осы гүлге деген тілектерімізді айтайық. (балалар тілектерін айтады) -Гүл, сен әдемісің. -Гүліміз жайқала берсін. -Гүлдерді баптап өсірейік т.с.с -Ендеше осы гүлімізді әдемі құмыраға салып қояйық, айналаға әсемдік сыйласын. -Балалар бүгін бізде сурет оқу қызметі. Балалар мен сендерге өлең жолдарын оқимын, сендер мұқият тыңдап отырып, өлең жолдары не туралы екенін айтыңдар. Түрлі – түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл – жасыл аймақ, Қырға шықты ойнап. -Олай болса балалар, бүгін біз гүлдер туралы әңгімелейміз. Көктемгі күн жерді қыздырып, табиғаттағы барлық тіршілік иелерін оятып, қызғалдақтар жер анадан күш алып, жапырақтарын жайып, күлтелерін көтеріп, күнге қарай қол созғандай. Айналамыздың барлығы жап-жасыл шөптер. Қызыл, сары, қызғылт- сары, әдемі жайқалған, құлпырған гүлдер. Гүлдердің қош иісі қандай керемет. Балалар, гүлдердің жұпар иісін иіскейікші. «Тыныс алу» жаттығуы «Гүлді иіскейміз» Қандай тамаша! Тосын сәт: Жылаған қуыршақ келеді. Қуыршақ саған не болды? Неге көңіл-күйің жоқ? Қуыршақ: Менде әдемі гүлдер болған еді. Бірақ гүлдерді жоғалтып алдым. Енді не істеймін? -Сәуле қуыршақ, сен уайымдама. Біздің балалар саған көмектеседі. -Балалар, бүгін біз оқу қызметімізде гүлдермен танысып, олардың суретін салып үйренеміз. -Балалар, қуыршақ Сәулеге біздің көмегіміз керек екен, оған көмектесеміз бе? Бүгін мен сендерге осындай әдемі гүлдердің суретін салуды үйретемін. Үстел үстіне ақ қағаз қоямыз. Ақ қағаз үстіндегі дайын тұрған гүлдердің суреттерін әр түрлі түстермен бояймыз. Балалар тапсырманы қызығушылықпен орындайды. «Түсі қандай?» дидактикалық ойыны. Балаларға түрлі-түсті гүлдерді көрсетіп, түстерін сұрау. Гүлдер және түстер туралы білімдерін бекіту Оқу қызметі қорытындыланады
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Сурет салуда қабылдауы жәй балаларға көмектесу

Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Балалар жетістігімен бөлісу
---	-----------------------------

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы

1-апта 16.05.2022-20.05.2022ж


Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»

Апта тақырыбы: «Көктемдегі егістік»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 20.05.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	«Түсіне сәйкес орналастыр» ойыны ойнатылады
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Шөптегі қанқыз» Мақсаты: Балаларға шөпті бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы бояу, үйлесімділікті көрсете білу. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу Жылулық шеңбері Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік. Көктем мезгілі ондағы ояңған жәндіктер туралы әңгімелеу -Жәндіктердің арасында ең әдемі жәндік қайсы деп ойлайсыңдар? -Балалар суреттерге қарап отырып өз ойларын айтады Шын тірі қанқызды ыдыстардың бетін ашып, балаларға көрсетіледі. -Ия балалар ол шын тірі қанқыз. Қанқызы ол далада, орманда мекендейді, ұшып жүреді. Қанқызы гүлдің иісін жақсы көреді. Ол көбіне гүлдердің арасында мекендейді. Бір кезде ыдыстан қанқызы сыртына шығып жоғарға ұшып кетеді. -Бүгін қанқыздың суретін салып үйренеміз. Жұмыс ретімен таныстыру: -Денесін дөңгелек немесе жарты дөңгелек қылып саламыз. -Басын дөңгелектеп саламыз. -Басынан көз, мұрын, ауыз, мұртшаларының орнын белгілейміз. -Аяқтарын бір-біріне қарама-қарсы саламыз. -Бояймыз. -Балалардың өз бетінше жұмыстары. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Қаңқыз болып ұшайық. Бір отырып, бір тұрып, Жақсы сергіп қалайық. Дидактикалық ойын: «Не артық?» Шарты: жәндіктердің арасынан артық затты тауып айту. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы. Тікелей бақылау
Балалармен жеке жұмыс	Бояуды сүйкей жағу тәсілін үйрету

Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес, ұсыныстар	Жыл басынан бері балалардың сурет салу деңгейлері қанишалықты өскендігі туралы айту.
---	--

Бекітемін: 
әдіскер: С.Б.Жанбыршина

Сурет салу бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммасы
2-апта 23.05.2022-27.05.2022ж

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»

Апта тақырыбы: «Жайдарлы жаз келді!»

Сурет салу педагогы: А.С.Тенелбаева

Күн тәртібі	Жұма 27.05.2022ж
	«Ақбота», «Ақерке» ересек топтары
ҰОҚ дайындық	«Не артық?» ойыны. Жаз мезгіліне жатпайтын суреттерді тауып ажырату
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Тақырыбы: «Жаз мезгілі тамаша! (сюжетті сурет)» Мақсаты: Балаларға бейнелеу өнерінің қыр-сырын жан-жақты меңгерту. Дүниетанымын, эстетикалық талғамын кеңейту Сурет салу дағдысын, логикалық ойлау, еске түсіру, елестету қабілеттерін, шығармашылық қабілеттерін бекіту. Балалар біз ең алдымен бізге шуағын сеуіп тұрған нұрлы күнмен содан соң аяғымызды басып жүретін жермен амандасып алайық. Амансың ба нұрлы күн! Амансың ба қара жер! Аман – есен болайық! Жұмбақ жасыру Суға шомылып түсетін, Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз мезгілі) Үстел үстіндегі суреттер ішінен жаз мезгіліне сәйкес суреттерді тауып, фланеграфқа орналастырту. Фланеграфта орналасқан суреттерді қарай отырып, сюжетті сурет салғызу Сурет салуда ашық аспан, шуақты күн, гүлдер, жасыл шөптер, сулар бейнелету. - Суретке үйлесімді бояуларды таңдауда балаларға мүмкіндік беру; - Сурет толықтай аяқталғаннан кейін «Жаз мезгілі тамаша» тақырыбымен табиғат бұрышына орналастыру. Ойын ойнап бойларын сергітеді. «Ия, жоқ» ойыны Ойынның шарты: Қойылған сұрақтарға ия, ия, ия немесе жоқ, жоқ, жоқ деп жауап беру керек. Ия дегенде орындарынан тұрып шапалақтайды, жоқ дегенде орындарында отырып шапалақтап, нақты әрі жылдам жауап берулері керек. - Жаз айы ыстық па? Ия, ия, ия. - Жаңбыр жауғанды ұнатасыңдар ма? Ия, ия, ия Жаз мезгілінде далаға қар жауа ма? Жоқ, жоқ, жоқ Құс қанатсыз ұша ала ма? Жоқ, жоқ, жоқ Қыс мезгілінде көбелектер ұшады ма? Жоқ, жоқ, жоқ Жазда жапырақтар жасыл бола ма? Ия, ия, ия Қыста ағашта жапырақ бола ма? Жоқ, жоқ, жоқ Суға шомылғанды ұнатасыңдар ма? Ия, ия, ия Қорытындылау: Көңіл-күйлерің қалай? Тамаша! Жаз мезгілі қандай? Тамаша! Ауа райы қандай? Тамаша! Ендеше тамаша көңіл-күймен оқу қызметімізді аяқтаймыз
Іс-әрекет түрлері	Сыни ойлау, бала үні. Ашық, жетелеуші сұрақтар. Балалардың өзіндік жұмысы.

	<i>Тікелей бақылау</i>
<i>Балалармен жеке жұмыс</i>	<i>Сурет салу оқу қызметі бойынша жылдық білім деңгейлерін қорытындылау</i>
<i>Ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес,ұсыныстар</i>	<i>Балалардың жылдық білім көрсеткіштерін көрсету</i>